ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Ақпараттық технология
ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ӘДІСТЕРІ МЕН ҚҰРАЛДАРЫ
Ақпарат қауіпсіздігінің бұзылуларын басқару

Информационная технология
МЕТОДЫ И СРЕДСТВА ОБЕСПЕЧЕНИЯ БЕЗОПАСНОСТИ
Управление нарушениями безопасности информации

ҚР СТ ИСО/МЭК ТО 18044-2009

ISO/IEC TR 18044:2004 Information technology Security techniques.Information security incident management, IDT

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Ақпараттық технология

ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ӘДІСТЕРІ МЕН ҚҰРАЛДАРЫ

Ақпарат қауіпсіздігінің бұзылуларын басқару

ҚР СТ ИСО/МЭК ТО 18044-2009

ISO/IEC TR 18044:2004 Information technology
Security techniques.Information security incident management, IDT

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 Техникалық реттеу және метрология комитетінің «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны және 63 «Байланыс жүйелері, құралдары мен қызметтері» стандарттау жөніндегі техникалық комитеті («Fidelis_2008» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі) **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті Төрағасының 2009 жылғы 27 қазандағы № 534 бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт ISO/IEC TR 18044:2004 Information technology - Security techniques- Information security incident management (Ақпараттық технология. Қауіпсіздікті қамтамасыз етудің әдістері мен құралдары. Ақпарат қауіпсіздігі оқыс оқиғаларының менеджменті) халықаралық стандартымен бірдей.

Ағылшын тілінен (en) аударылған

Сәйкестік дәрежесі – сәйкес (IDT)

4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ **2014 жыл**

ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ **5 жыл**

5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандартқа енгізілген өзгерістер туралы ақпарат «Стандарттау бойынша нормативтік құжаттар» сілтемесінде, ал өзгерістер мәтіні – ай сайын жарық көретін «Мемлекеттік стандарттар» ақпараттық сілтемесінде жарияланады. Осы стандарт қайта қаралған (жойылған) немесе ауыстырылған жағдайда тиісті ақпарат «Мемлекеттік стандарттар» ақпараттық сілтемесінде жарияланады.

Мазмұны

Кіріспе

Ақпараттық қауіпсіздіктің типтік саясаты немесе ақпараттық қауіпсіздіктің (АҚ) қорғау шаралары ақпаратты, ақпараттық жүйелерді, сервистерді немесе желілерді қорғауға толық кепілдік бере алмайды. Сондықтан қорғау шараларын енгізу толық қорғанышты қамтамасыз етпейді, кейіннен ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғасы болуы мүмкін. Ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғалары ұйымның қызметіне тікелей немесе жанама жағымсыз әсер етуі мүмкін. Одан басқа жаңа, бұрын сәйкестендірілмеген қауіп еріксіз пайда болуы мүмкін. Нақты ұйымның осындай оқыс оқиғаларға жеткіліксіз дайындығы оқыс оқиғаларға арналған практикалық әсерді аз тиімді етеді және бұл ұйымның қызметіне жағымсыз әсердің дәрежесін әлеуетті арттырады. Сол себепті, ақпараттық қауіпсіздікке оң көзбен қарайтын кез келген ұйым үшін мыналарға:

- ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғалары туралы хабарлауға, анықтауға, оларды бағалауға;
- жағымсыз әсерлерден кейінгі салдарларды болдырмау, төмендету және (немесе) қалпына келтіру үшін тиісті қорғаныш шараларын белсендіруді қоса алғанда ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғаларына жауап беруге (мысалы, жұмыс процесінің үздіксіздігін қолдау және жоспарлау аясында);
- ақпараттық қауіпсіздік оқыс оқиғаларынан алынған сабақтардың үзінділеріне, қорғаныш шараларының ескертулерін енгізуге және ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғаларының менеджментіне жалпы тәсілді жақсартуға құрылымдық және жоспарлы әдіс қабылдау маңызды.

Осы стандарттың ережесі халықаралық деңгейде қалыптасқан практиканы есепке ала отырып, ұйымдағы ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғаларының менеджменті туралы ұсыныстан тұрады.

Осы стандарт ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету кезінде оқыс оқиғалардың менеджменті процесінде қызметтің барлық саласындағы ұйымдардың пайдалануына арналған. Оның ережесін басқа стандарттармен, оның ішінде ақпараттық қауіпсіздік менеджменті жүйесіне және ұйымның сапа менеджменті жүйесіне қойылатын талаптарды қамтитын стандарттармен бірге пайдалануға болады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Ақпараттық технология

ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ӘДІСТЕРІ МЕН ҚҰРАЛДАРЫ

Ақпарат қауіпсіздігінің бұзылуларын басқару

Information technology. Security techniques.Information security incident management

Енгізілген күні 2010-07-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт ақпарат қауіпсіздігінің бұзылуларын басқару тәртібін белгілейді, ақпараттық технологияларды (бұдан әрі - АТ), ақпараттық жүйелерді, сервистерді және желілерді қолдану кезінде ақпараттық қауіпсіздікті (бұдан әрі - АҚ) қамтамасыз ету жөніндегі бөлімшелердің басшылары үшін ұйымдарда ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғалары менеджменті жөніндегі ұсынымнан тұрады.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

ҚР СТ ИСО/МЭК 13335-1-2008 Ақпараттық технология. Қауіпсіздікті қамтамасыз етудің әдістері мен құралдары. Ақпаратты қорғау технологияларын басқару. 1-бөлім. Ақпаратты қорғау және коммуникациялық технологияларды басқаруға арналған жалпы ұғымдар мен модельдер.

ҚР СТ ИСО/МЭК 17799-2006 Ақпараттық технология. Қорғанышты қамтамасыз ету әдістері. Ақпаратты қорғауды басқару жөніндегі ережелер жиынтығы.

ЕСКЕРТПЕ «Осы стандартты пайдалану кезінде ағымдағы жылғы жай-күйі бойынша «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» жыл сайын жарияланатын ақпараттық көрсеткіші және ағымдағы жылы жарияланған тиісті ай сайын жарияланып тұратын ақпараттық көрсеткіштер бойынша сілтемелік стандарттар мен жіктеуіштердің қолданылуын тексерген дұрыс. Егер сілтемелік құжат ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы стандартты пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу керек. Егер сілтемелік құжат ауыстырылмай жойылған болса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлімде қолданылады».

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта ҚР СТ ИСО/МЭК 13335-1, ҚР СТ ИСО/МЭК 17799 бойынша терминдер, сондай-ақ тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылады:

3.1 **Қызметтік үздіксіздігін жоспарлау** (business continuity planning): Ұйым қызметінің үздіксіздігіне және оның элементтерін ұстап тұруға жағымсыз әсер етуге қабілетті қандай да бір күтпеген немесе қажет етілмеген оқыс оқиғалар пайда болған жағдайда операцияларды қалпына келтіруді қамтамасыз ететін процесс.

ЕСКЕРТПЕ: Осы процесс сондай-ақ берілген уақыттың кезеңділігін және аралығын және ұйымның барлық функциясын жұмыс жағдайына одан әрі қалпына келтіруді есепке ала отырып, қызметті қалпына келтіруді қамтамасыз етуге тиіс. Осы процестің түйінді элементтері қажетті жоспарлар мен құралдарды қолдануды және тесттеуді, оған ақпаратты, бизнес-процестерді, ақпараттық жүйелер мен сервистерді, сөз байланысын енгізуді және деректерді беруді, дербес және физикалық құрылғыларды қамтамасыз етуге тиіс.

3.2 **Ақпараттық қауіпсіздік оқиғасы** (information security event): АҚ саясатының бұзылушылығы немесе қорғау шараларының күші жойылуы немесе қауіпсіздікке қатысы болуы мүмкін бұрынғы белгісіз жағдайлардың пайда болуы мүмкіндігін көрсететін жүйелердің, сервистің немесе желінің белгіленген жағдайының сәйкестендірілген көрінісі.

3.3 **Ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғалары** (information security incident): Операциялардың компрометациялау мен АҚ қауіп қатерінің жасалуының елеулі ықтималдығымен байланысты АҚ-нің бір немесе бірнеше ұнамсыз немесе күтпеген оқиғаларының пайда болуы.

ЕСКЕРТПЕ: АҚ-нің оқыс оқиғаларының мысалы 6-бөлімде келтірілген.

3.4 Ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғаларына жауап беру тобы (АҚОЖТ) (Information Security Incident Response Team (ISIRT)): Ұйымның оқытылған және сенімділікті пайдаланатын мүшелерінің тобы.

3.5 **Ақпараттық қауіпсіздік (АҚ):** Ақпарат алу, көшірмелеу, тарату, бұрмалау, жою немесе бұғаттау бойынша заңсыз әрекеттерді қоса алғанда электронды ресурстарға, ақпараттық жүйелерге рұқсатсыз қолжетімділікті болдырмауға, сақтауға бағытталған құқықтық, ұйымдастыру және техникалық іс-шаралар кешені.

ЕСКЕРТПЕ: Осы топ АҚ оқыс оқиғаларын олардың өмірлік циклі уақытында өңдейді және кейде, мысалы, компьютерлік оқыс оқиғаларға жауап беретін көпшілікке танылған топтың немесе жылдам жауап беретін компьютерлік топтардың (КТЖЖБ) сыртқы сарапшылары толтыруы мүмкін.

3.6 **Ақпараттық технология (АТ):** Ақпаратты жинауды, құруды, сақтауды, жинақтауды, өңдеуді, іздеуді, қорытындылауды, көшірмелеуді, беруді және таратуды қамтамасыз ететін технологиялық кешенге біріктірілген әдістердің, өндірістік процестердің және бағдарламалық-техникалық құралдардың жиынтығы.

4 Жалпы ережелер

4.1 Мақсаттар

Ұйымның АҚ жалпы стратегиясы ретінде АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментіне құрылымдық тәсіл пайдаланылуы қажет. Осындай тәсілдердің мақсаттары:

- АҚ* және оларды тиімді өңдеуге байланысты ұйымның оқыс оқиғаларын анықтау;
- АҚ сәйкестендірілген оқыс оқиғаларын бағалау және оларға неғұрлым мақсатқа лайықты және нәтижелі әдіспен жауап беру;
- оқыс оқиғаға жауап берудің бір бөлігі болып табылатын тиісті қорғау шараларының көмегімен, кейде ұйым қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспар(-лар)ының тиісті элементтерін қолданумен қатар ұйымға және оның қызметіне арналған АҚ-ның оқыс оқиғаларының әсерін азайту;
- АҚ-ін және олардың менеджментін алдағы уақытта оқыс оқиғаларға айналдыруды болдырмау жөнінде мүмкіндіктерді арттыру, АҚ қорғау шараларын енгізуді және пайдалануды жетілдіру, АҚ-нің оқыс оқиғалар менеджментінің жалпы жүйесін жетілдіру мақсатында олар жөнінде сабақтар алуды қамтамасыз ету болып табылады.

4.2 Кезеңдер

4.1-бөлімге сәйкес мақсаттарға қол жеткізу үшін АҚ-нің оқыс оқиғалар менеджменті төрт жеке кезеңге бөлінеді:

1) жоспарлау және дайындық;
2) пайдалану;
3) талдау;
4) жетілдіру.

ЕСКЕРТПЕ: АҚ-нің оқыс оқиғалар менеджменті кезеңдері [4] сериялы стандарттарда пайдаланылатын PDCA моделінің процестеріне ұқсас.

Осы кезеңдердің негізгі мазмұны 1-суретте көрсетілген.



1-сурет — АҚ оқыс оқиғалары менеджменті кезеңдері

4.2.1 Жоспарлау және дайындық

АҚ-нің оқыс оқиғаларының тиімді менеджмент тиісті жоспарлауды және дайындықты қажет етеді. АҚ-нің оқыс оқиғаларына тиімді реакцияны қамтамасыз ету үшін:

- АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің саясатын әзірлеу және құжаттау, сондай-

ақ осы саясатты мүдделі тараптардың және әсіресе жоғары басшылықтың қолдауын алу;

- АҚ-нің оқыс оқиғаларының менеджменті саясатын қолдау үшін АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің жүйесін әзірлеу және толық көлемде құжаттау қажет. АҚ-нің оқыс оқиғаларының нысандары, процедуралары және анықтауды, хабарлауды, бағалауды және жауап беруді қолдау құрал-саймандары, сондай-ақ оқыс оқиғалардың шын мәнінің шкалалары басқыштары нақты жүйеге арналған құжатта көрсетілуге тиіс (кейбір ұйымдарда мұндай жүйе «АҚ оқыс оқиғаларына жауап беру жоспары» деп аталуы мүмкін);

- АҚ менеджментінің саясатын және барлық, яғни корпоративтік деңгейлердегі қауіп-қатерлерді және АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің жүйелерін есепке ала отырып, әрбір жүйе, сервис және желі үшін жеке жаңарту;

- ұйымда АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің тиісті құрылымдық бөлімшесін, яғни АҚ-нің оқыс оқиғаларының барлық белгілі типтеріне барабар жауап беруге қабілетті қызметкерлердің берілген міндеттері мен жауапкершілігімен бірге АҚОЖТ-ыны құру қажет. АҚОЖТ ұйымының көпшілігі қызметтің нақты бағыттары жөніндегі мамандардан тұратын топ болып табылады, мысалы, зиянды тасымалдағы бағдарламаның қарсы әрекеті сипатталған кезде ұқсас типтегі оқыс оқиғалар жөніндегі мамандар шақыртылады;

- ұйымның барлық қызметкерлеріне нұсқаулар арқылы және (немесе) басқа да әдістермен АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің жүйесінің бар екендігімен, оның артықшылықтарымен және АҚ-нің оқиғалары туралы хабарламаның тиісті әдістерімен таныстыру қажет. АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің жүйесін басқаруға жауапты қызметкерлерді, оқиға оқыс оқиға болып саналатындығын анықтау жөнінде шешімді қабылдайтын тұлғаларды және оқыс оқиғаларды зерттейтін адамдарды тиісті оқыту қажет;

- АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің жүйесін мұқият тесттеу қажет. «Жоспарлау және дайындық» кезеңі – 7-бөлімге сәйкес.

4.2.2 Ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғалары менеджментінің жүйесін пайдалану

АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің жүйесін пайдалану кезінде мынадай процестерді жүзеге асыру қажет:

- АҚ-нің оқиғаларды анықтау және олардың туындауы туралы хабарлау (адам немесе автоматты құрал арқылы);

- АҚ-нің оқиғаларымен байланысты ақпаратты жинау және қандай оқиғаларды АҚ-нің оқыс оқиғаларының санатына жатқызуға болатындығын анықтау мақсатында осы ақпаратты бағалау;

- АҚ-нің оқыс оқиғаларына жауап беру;

- тез арада, уақыттың шынайы немесе шынайылыққа жақын масштабында;

- егер АҚ-нің оқыс оқиғалары бақылауда болса, шұғылдығы аздау әрекетті орындау (мысалы, апаттан кейін толық қалпына келтіруге мүмкіндік беретін);

- егер АҚ-нің оқыс оқиғалары бақылауда болса, онда «дағдарысқа қарсы» әрекетті орындау (мысалы, өрт командасын/бөлімшесін шақыру немесе ұйым қызметінің үздіксіздігі жоспарын орындауға бастамалық ету);

- АҚ-нің оқыс оқиғаларының болуы және оған қатысты кез келген егжей-тегжейлері туралы өз ұйымының қызметкерлеріне, сондай-ақ өзге ұйымның қызметкерлеріне хабарлау (бұл одан әрі бағалау және (немесе) шешім қабылдау мақсатында, кем дегенде, оқыс оқиғалардың егжей-тегжейін таратуды қамтиды);

- құқықтық сараптама;

- кейіннен талдау үшін барлық әрекеттер мен шешімдерге тиісті тіркеу;

- оқыс оқиғалар проблемаларын шешу.

«Пайдалану» кезеңі – 8-бөлімге сәйкес.

4.2.3 Талдау

АҚ-нің оқыс оқиғаларына рұқсат етілгеннен/жабылғаннан кейін АҚ жағдайын талдау бойынша мынадай әрекеттер жасалуы қажет:

- қосымша құқықтық сараптама жүргізу (қажет болғанда);
- АҚ-нің оқыс оқиғаларынан алынған сабақтармен танысу;
- АҚ-нің бір немесе бірнеше оқыс оқиғаларынан жинақталған сабақтардан алынған АҚ-нің қорғау шараларын енгізу үшін жақсартуды анықтау;
- жалпы кәсіпкерлік тәсілдің сапасын талдау нәтижелерінен жинақталған сабақтарды есепке ала отырып, АҚ-нің оқыс оқиғаларының менеджменті жүйесі үшін жақсартуды анықтау (мысалы, процестерінің, процедураларының, есеп беру және ұйым нысандарының нәтижелілігін талдаудан).

«Талдау» кезеңі – 9-бөлімге сәйкес.

4.2.4 Жетілдіру

АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің процестері АҚ-нің элементтерінің қатарына уақыт ішінде жетілдіруді тұрақты енгізу отырып итеративті болып табылады. Бұл жетілдірулер АҚ-нің оқыс оқиғалары және оларға жауап беру туралы деректердің, сондай-ақ тенденция динамикасы туралы деректердің негізінде ұсынылады. «Жақсарту» кезеңі мыналарды:

- АҚ-нің қауіп-қатерін талдаудың және ұйым менеджментін талдаудың нәтижелерін қайта қарауды;
- АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің жүйесін және оның құжаттамасын жетілдіруді;
- АҚ-нің жаңа және (немесе) жаңартылған қорғау шараларын енгізуді қоса алғанда, қауіпсіздік саласында жетілдіруді бастамалық етуді қамтиды.

«Жетілдіру» кезеңі - 10-бөлімге сәйкес.

5 Құрылымдық тәсілдің артықшылықтары және ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғалары менеджментінің түйінді мәселелері

Осы бөлімде мынадай:

- АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің сапалы жүйелерінен алынатын артықшылықтар туралы;
- жоғары корпоративтік басшылықтың және жүйеге есептер беретін әрі одан ақпарат алатын қызметкерлердің осындай артықшылықтарына сендіру мақсатында қарау қажет түйінді мәселелер туралы ақпарат ұсынылған.

5.1 Артықшылықтар

АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментіне құрылымдық тәсілді пайдаланатын кез келген ұйым олардан мынадай топтарға біріктіруі мүмкін маңызды артықшылықтарды алуы мүмкін:

- АҚ жетілдіру;
- ұйым қызметіне жағымсыз әсерді төмендету, мысалы, ұйымның қызметін тоқтату және АҚ-нің оқыс оқиғаларының салдары ретінде қаржылық шығын;
- оқыс оқиғаларды болдырмау мәселелеріне көңіл аударуды күшейту;
- басымдылықтарды белгілеуге және айғақтарды жинауға көңіл аударуды күшейту;
- бюджетті және ресурстарды қалыптастыруға үлес қосу;
- менеджмент нәтижелерін және қауіп-қатерлер талдауларын неғұрлым жоғары

деңгейде жаңарту;

- АҚ-нің саласында хабарлануды және оқытуды арттыру бағдарламасы үшін материал ұсыну;
- АҚ-нің саясатын талдау үшін кіріс деректерін және тиісті құжаттамаларды ұсыну.

Осы артықшылықтардың әрқайсысы төменде қаралады.

5.1.1 Қауіпсіздікті жетілдіру

Анықтаудың, хабарлаудың, бағалаудың және АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің және оқиғасының құрылымдық процессі АҚ-нің кез келген оқиғасын немесе оқыс оқиғасын дереу сәйкестендіруге және дұрыс шешімді тез арада анықтау және жауап беру есебімен жалпы қауіпсіздікті жақсарта отырып, сондай-ақ алдағы уақытта АҚ-нің ұқсас оқыс оқиғаларын болдырмау құралын қамтамасыз ете отырып, жауап беруге мүмкіндік береді.

5.1.2 Ұйымның қызметіне жағымсыз әсерлерді төмендету

АҚ-нің оқыс оқиғаларының менеджментіне құрылымдық тәсіл ұйым қызметіне АҚ-нің оқыс оқиғаларымен байланысты жағымсыз әсердің деңгейін төмендетуге ықпал береді. Осындай әсерлердің зардаптарына тез арада болатын қаржылық шығындар, сондай-ақ ұйымның атағына және несие қабілеттілігіне келтірілген шығыннан туындайтын ұзақ мерзімді шығындар кіреді.

5.1.3 Оқыс оқиғалардың алдын алуға назар аударуды күшейту

АҚ-нің оқыс оқиғаларының менеджментіне құрылымдық тәсілді пайдалану ұйым ішінде оқыс оқиғалардың алдын алуға назар аударуды күшейтуге ықпал ете алады. Оқыс оқиғаларға байланысты деректерді талдау оқыс оқиғалардың алдын алуға назар аударуды күшейтуге және кейіннен оқыс оқиғалардың туындауын болдырмау бойынша тиісті әрекеттерді анықтауға мүмкіндік бере отырып, оқыс оқиғалардың пайда болуы моделін және тенденциясын анықтауға мүмкіндік береді.

5.1.4 Басымдылықтарды және куәландыруларды белгілеу жүйесіне көңіл аударуды күшейту

АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментіне құрылымдық тәсіл АҚ-нің оқыс оқиғаларын зерттеу кезінде басымдылықтарды белгілеу жүйесі үшін мықты негізді құрайды.

Нақты процедуралар болмаған жағдайда зерттеу оқыс оқиғаларға жауап беру олардың пайда болу шамасы бойынша немесе тиісті басшының өкіміне реакция ретінде жүзеге асырылатын тұрақты емес режімде жүргізілетін қауіп-қатері болады. Бұл кейіннен басымдықтарды сол шын мәнінде қажет жерде тиісті идеалды белгілеуге зерттеу жүргізуге кедергі келтіреді.

Оқыс оқиғаларды зерттеудің нақты процедуралары деректердің дұрыстығын және оларға құқықтық қол жеткізуді және оларды өңдеуді қамтамасыз ете алады. Бұл сотпен қудалануға немесе тәртіптік талқылауға бастамалық жасалған жағдайда үлкен маңызы бар. Бірақ АҚ-нің оқыс оқиғадан кейін қалпына келтіру үшін қажетті әрекеттер жиналған куәландырудың тұтастығына қауіп төнуі мүмкін екендігін мойындау керек.

5.1.5 Бюджеттер мен ресурстар

АҚ-нің оқыс оқиғаларының менеджментіне жақсы ойластырылған құрылымдық тәсіл ұйым бөлімшелерінің ішінде бюджеттер мен ресурстарды бөлуді негіздеуге және жеңілдетуге ықпал етеді. Одан басқа АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің жүйесі де пайда табады. Мұндай пайдалар мынадай шарттармен байланысты:

- дабылдың жалған сигналдарын сәйкестендіру және електен өткізу үшін неғұрлым

біліктілігі аз қызметкерлерді пайдалану;

- білікті қызметкерлердің дағдыларын нағыз қажетті бағытта қолдану;

- білікті қызметкерлерді оның дағдысы қажет етілетін процесстер үшін ғана және оның араласуы қажет процестің сатысында ғана тарту.

Одан басқа, АҚ-нің оқыс оқиғаларының менеджментіне құрылымдық тәсіл ұйымдағы АҚ-нің оқыс оқиғаларын өңдеудің «санды» бағалауды орындау мүмкіндігі мақсатында «уақытты белгілеу» деген тоқтату процедурасын қамтиды. Бұл, мысалы, әр түрлі басымдықтағы оқыс оқиғаларды әр түрлі платформаларда рұқсат ету уақыты туралы ақпаратты ұсынуды мүмкін етеді. АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің процесінде әлсіз орын болған кезде бұл әлсіз орындар да сәйкестендірілген болуға тиіс.

5.1.6 АҚ-нің менеджменті және қауіп-қатерін талдау

АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментіне құрылымдық тәсілді пайдалану мыналарға мүмкіндік береді:

- қауіп-қатердің әр түрлі типтерінің және олармен байланысты осалдықтардың сипатын сәйкестендіру және анықтау үшін неғұрлым сапалы деректерді жинау;

- қауіптердің сәйкестендірілген типтерінің пайда болу жиілігі туралы деректерді ұсыну.

Ұйымның қызметіне арналған АҚ-нің оқыс оқиғаларының жағымсыз салдары туралы алынған деректер осы салдарларды талдау үшін пайдалы болады. Қауіптердің әр түрлі типтерінің пайда болу жиілігі туралы деректер қауіп бағасының сапасын анағұрлым арттырады. Тиісінше, осалдық туралы деректер осалдықтың келешектегі бағасы сапасын анағұрлым арттырады.

Жоғарыда аталған деректер АҚ-нің менеджментін талдаудың және қауіп-қатер талдауының нәтижелерін айтарлықтай жақсартады.

5.1.7 АҚ-ның мәселелерінде хабарлану

АҚ-ның оқыс оқиғаларының менеджментіне құрылымдық тәсілі АҚ-нің мәселелерінде хабарлануды қамтамасыз ету бағдарламалары туралы заңға бағытталған ақпаратты ұсынады. Бұл ақпарат басқа жерде емес, нақты осы ұйымда шын мәнінде болып жатқан АҚ-нің оқыс оқиғаларын көрсететін шынайы мысалдардың көзі болып табылады. Сондықтан шешімдер туралы ақпаратты тез арада алудың пайдасын көрсетуге болады. Одан басқа АҚ-нің мәселелерінде осыған ұқсас хабарлама АҚ-нің оқыс оқиғасының пайда болуы жағдайында адамдардың үрейін және (немесе) абыржуын тудыратын қателіктердің болуын төмендетуге мүмкіндік береді.

5.1.8 АҚ-нің **саясатын талдауға арналған кіріс деректер**

АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің жүйесін беретін ақпарат АҚ-нің (және АҚ-мен байланысты басқа құжаттың) саясатының нәтижелігін талдау және одан әрі жетілдіру үшін бағалы кіріс деректерді қамтамасыз етеді. Бұл ұйым деңгейінде де және жеке жүйелер, сервистер және желілер үшін де саясаткерлерге және басқа да құжаттамаға қатысты.

5.2 Түйінді мәселелер

АҚ-нің оқыс оқиғаларының менеджменті қалай жүзеге асырылатыны туралы ақпарат келіп түсетін кері байланыстың болуы ұйымның жүйелері, сервистері және желілері үшін шынайы қауіп-қатермен күресуге қызметкерлердің іс-әрекетінің жұмылуын сақтауға көмектеседі. Бұл маңызды кері байланыс АҚ-нің оқыс оқиғалары тұрақты болмағандықтан, АҚ-нің оқыс оқиғаларына жауап беру процесі арқылы тиімді іске асырылуы мүмкін емес. Кері байланыс ұйымның барлық бөлімшелері үшін жалпы

құрылымды қабылдайтын АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің құрылымды, жақсы ойластырылған жүйесі болған жағдайда айтарлықтай нәтижелі болуы мүмкін. Осы жалпы құрылым неғұрлым толық нәтижелерінің жүйеден алуды үздіксіз қамтамасыз етуі және АҚ-нің оқыс оқиғасы пайда болғанға дейін оның туындауының мүмкін шарттарын жылдам анықтау үшін сенімді негіз болуға, сондай-ақ хабарлаудың тиісті сигналын беруге тиіс.

АҚ-нің менеджменті және менеджменті жүйесінің аудиті қызметкерлермен бірлескен жұмысты кеңейту үшін қажетті сенімнің негізін және пайдалы нәтижелердің құпиялығын, қауіпсіздігін және қолжетімділігін сақтауға қатысты сенімсіздікті төмендетуді қамтамасыз етеді. Мысалы, ұйымның басшысы мен қызметкерлері хабарлау сигналы күтілетін оқыс оқиғаға қатысты қазіргі заманғы, нақты және толық ақпарат беруіне сенімді болуға тиіс.

АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджменті жүйесін енгізу кезінде ұйымдар дербес деректердің қолжетімсіздігі проблемаларына байланысты мәселелер бойынша оң нәтижелер және алаңдаушылық болмауы тәрізді әлеуетті проблемаларды болдырмау керек. Мүдделі тараптарды жоғарыда аталған проблемалардың туындауын болдырмау үшін белгілі бір қадамдар қабылданғанына сендіру қажет.

Сондықтан АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің оңтайлы жүйесін құру үшін мыналарды:

- басшылықтың міндетін;
- хабарлауды;
- құқықтық және нормативтік аспектілерді;
- пайдалану тиімділігін және сапасын;
- жасырын;
- құпиялығын;
- АҚОЖТ қызметінің тәуелсіздігін;
- типологияны қоса алғанда түйінді мәселелердің бір қатарын қарау қажет.

Осы мәселелердің әрқайсысы төменде қаралады.

5.2.1 Басшылықтың міндеттері

АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментіне құрылымдық тәсілді қабылдау үшін басшылық тарапынан тұрақты қолдау қажет. Ұйымның қызметкерлері АҚ-нің оқыс ақпараттарын тануға және олар пайда болған кезде өз іс-әрекеттерін білуге, сондай-ақ ұйым үшін құрылымдық тәсілдің үлкен артықшылығын білуге тиіс. Бірақ басшы тарапынан қолдау болмаған жағдайда, бұл жеткіліксіз болуы мүмкін. Ұйым оқыс оқиғаларға жауап берудің қабілеттілігін қолдауды және ресурстарды қамтамасыз ету бойынша міндеттерді орындауға тиіс.

5.2.2 Хабарлану

АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментіне құрылымдық тәсілді қабылдаудың басқа елеулі проблемасы хабарлану болып табылады. Ұйым жұмысына қатысу үшін тұтынушылардағы қажеттілікке қарамастан ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғаларын басқаруға құрылымдық тәсілге қатысқаннан олар және оның бөлімшелері қандай пайда алатыны туралы хабарлану болмаған жағдайда ұйым жұмысына олардың тиімді қатысуын есептеу мүмкін емес.

АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің кез келген жүйесі мыналарды:

- ұйым үшін де, оның қызметкерлері үшін де АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментіне құрылымдық тәсілдің артықшылығын;
- АҚ-нің оқиғалардың және (немесе) оқыс оқиғаларының деректер базасында сақталатын оқыс оқиғалар туралы ақпаратты және одан шыққан шығыс деректерді;

- ұйымның типіне байланысты жеке бағдарлама немесе АҚ-нің мәселелерінде хабарланудың неғұрлым кең бағдарламасының бір бөлігі болуы мүмкін хабарланудың бағдарламалық қамтамасыз етілуіне арналаған стратегияны және механизмді қамтитын хабарлануды бағдарламалық қамтамасыз етуді анықтау арқылы құжатпен қоса жүруге тиіс.

5.2.3 Құқықтық және нормативтік аспектілер

АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің саясатында тиісті жүйеде АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің мынадай құқықтық және нормативтік аспектілерін есепке алу қажет:

1) дербес деректерді барабар қорғауды және дербес ақпараттың бейтараптылығын қамтамасыз ету.

Деректердің құпиялығын және тұтастығын сақтайтын арнайы заңнамасы бар елдерде ол әдетте дербес деректерді бақылаумен шектелген. Әдетте АҚ-нің оқыс оқиғалары қызметкерлердің немесе бөгде адамның қызметі нәтижесінде туындайтындықтан, жеке сипаттауға тиісінше тіркеу және оны басқару қажеті етілуі мүмкін. Ендеше, АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментіне құрылымдық тәсіл кезінде дербес деректерге тиісінше қорғау қажеттілігі, сондай-ақ мынадай шарттар есепке алынуы қажет:

- дербес деректерге қолжетімділігі бар адамдар танысып отырған ақпаратта көрсетілген адамдармен жеке таныс болмауға тиіс;
- дербес деректерге қолжетімділігі бар адамдар оған қолжетімді болғанға дейін оларды таратпау туралы келісімге қол қоюға тиіс;
- дербес деректер тек АҚ-нің оқыс оқиғаларын зерттеуге алынған мақсатта пайдаланылуға тиіс;

2) Жазбаларды тиісінше сақтау.

Басқа елдердің кейбір заңдары компаниядан ұйымның жыл сайынғы аудиті процесінде талдау үшін өз қызметінің тиісті жазбасын жүргізуді талап етеді. Осындай талаптар әр түрлі ұйымдарда бар. Кейбір елдерде ұйымнан әр түрлі органдар үшін есеп беруді және мұрағат жасауды талап етеді (мысалы, қауіпті қылмыс болған немесе құпия ақпарат бар үкіметтік жүйеге кірген жағдайда);

3) коммерциялық келісім-шарттық міндеттерді орындауды қамтамасыз етуге арналған қорғау шаралары болғанда.

АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджменті бойынша қызметті ұсыну жөніндегі міндеттелетін талаптар болған жағдайда (мысалы, жауап беру уақытына талаптар) ұйым кез келген жағдайларда (осыған байланысты ұйым тарапынан шарт ұйымының қорытындысы кезінде (7.5.4 бөлімін қараңыз), мысалы, АҚОЖТ, ұйым тарапынан шартқа уақытша жауап берумен қатар барлық қажетті талаптарды енгізу қажет) осы міндеттерді орындауды қамтамасыз ету мақсатында тиісті АҚ қамтамасыз етуді қарастыруға тиіс;

4) саясаттаррмен және рәсімдермен байланысты құқықтық мәселелер.

АҚ-нің оқыс оқиғалар менеджментінің жүйесімен байланысты саясаттарды және процедураларды құқықтық және нормативтік проблемалардың болуына тексеру қажет, мысалы, кейбір елдерде қызметкерлерді жұмыстан босату айтарлықтай қиын процесс болып табылатындықтан, оқыс оқиғаларды жасаудағы кінәлі қызметкерлерді тәртіптік жазаға тарту және (немесе) сотқа жауапқа тарту туралы хабарлау болуына;

5) жауапкершілікті мойындамаудың заңдылығын тексеру

АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің тобы немесе сыртқы көмекші қызметкерлер қабылдаған іс-әрекетке жауапкершілікті шектеу туралы барлық өтініштердің заңдылығы тексерілуге тиіс;

6) Тараптық қызметкерлермен жасалған келісім-шарттарға барлық қажетті аспектілерді енгізу.

Тараптық көмекші қызметкерлермен жасалған шарттар мысалы, КГБР ақпаратты таратпау, қызметтің қолжетімділігі және дұрыс емес кеңестің салдарлары бойынша міндеттердің бұзылуына жауапкершілікті келісім-шартқа енгізілгеніне мұқият тексерілуге тиіс;

7) құпия ақпаратты таратпау туралы келісімдер.

АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің топтары мүшелерінен жұмысқа түсер және жұмыстан босатылар кезінде де құпия ақпаратты таратпауы туралы келісімге қол қоюлары талап етіледі. Кейбір елдерде мұндай келісімдердің заңды күші жоқ. Осындай аспект тексерілуге тиіс;

8) Құқық қолданатын органдардың талаптарын орындау.

Құқық қолдану органдары заң негізінде АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің жүйесінен ақпарат талап етуі мүмкін мүмкіндіктерімен байланысты мәселелердің анықтығын қамтамасыз етуі қажет. Кейбір жағдайларда оқыс оқиғалар құжатталуы қажет заңда анықталатын барынша аз деңгей туралы және осы құжаттың сақталу мерзімі туралы анықтылығы талап етілуі мүмкін;

9) Жауапкершілік мәселелеріндегі айқындық

Әлеуетті жауапкершілік және қажетті тиісті қорғау шаралары мәселелерін нақтылау қажет. Жауапкершілік жүктеуге қатысы бар оқиғалардың мысалы төменде келтірілген:

- егер АҚ-нің оқыс оқиғалары уақтылы хабарландырмайтын және нәтижесінде шығын әкелетін басқа ұйымның қызметіне әсер ететін болса (мысалы, бірге пайдаланатын ақпаратты ашу);
- егер өнімнен жаңа осалдық анықталса, ол туралы өнім берушіге хабарламай, нәтижесінде бір немесе бірнеше ұйым айтарлықтай зардап шегіп, осы осалдықпен шын мәнінде байланысты оқыс оқиға туындағанда;
- егер қандай да бір елде ұйымдардан ауыр қылмыспен байланысы немесе қолжетімділік шектелген немесе маңызды ұлттық инфрақұрылымның сындарлы элементтерінің ақпаратынан тұратын үкіметтік жүйеге кірумен байланысы болуы мүмкін барлық жағдайларға қатысты құқық қорғау органдарына арналған мұрағаттарды құру немесе ақпараттандыруды талап ететін тиісті талаптар орындалмағанда;
- егер ақпарат ашылған болса және ұйымның ақпараттық ресурсына рұқсатсыз кіргенде, кейбір адамдардың немесе ұйымдардың қатысы болуы көрсетілгенде. Бұл дәлел нақты адамдардың немесе ұйымдардың абыройына және қызметіне зиян келтіруі мүмкін;
- егер ақпарат ашылған болса, бағдарламалық қамтамасыз етудің белгілі бір элементінде жұмыс жүрмей, бірақ нәтижесінде ақпарат жалған болғанда.

10) Арнайы нормативтік талаптар

АҚ-нің оқыс оқиғалары туралы, егер ол арнайы және нормативтік талаптармен көзделген болса, тиісті бақылау органына хабарлау керек, мысалы, атом өнеркәсібінде көзделгендей.

11) Сотпен қудалау немесе ішкі тәртіптік талқылаулар

Осы шабуылдар техникалық немесе жеке болуына қарамастан, қаскүнемдерге қатысты сот қудалауы немесе тәртіптік талқылау жүргізу сәтті болуы үшін өзгерістер енгізуден расталған түрде қорғалған аудит журналдарын қоса алғанда, АҚ-н тиісті қорғау шаралары қабылдануы қажет. Осы шабуылдар техникалық немесе жеке болуына қарамастан, қаскүнемдерге қатысты сот қудалауы немесе тәртіптік талқылау жүргізу сәтті болуы үшін сот немесе басқа да әкімшілік органдар үшін куәліктер жинау қажет. Мыналарды көрсету қажет:

- құжаттама бұрмаланбағанын және толық болып табылатынын;
- электрондық куәліктің көшірмелері түпнұсқамен бірдей екендігі расталатынын;
- куәліктер алынған АҚ-нің барлық жүйелері тіркеу кезінде штаттық режимде жұмыс істегенін.

12) Мониторинг әдістерімен байланысты құқықтық аспектілер:

Мониторинг әдістерін пайдалану салдары ұлттық заңнама контекстерінде көзделеді.

Әр түрлі әдістердің заңдылығы елдерге байланысты ауысуы мүмкін. Мысалы, кейбір елдерде мониторингтің, оның ішінде бақылау әдісімен жүргізілуі туралы адамдарға хабарлау қажет. Мониторингке кім (не) жататынын, қандай әдіспен олар (ол) мониторингке жататынын және қашан мониторинг жүргізетінін анықтайтын бірнеше факторларды ескеру қажет. Сондай-ақ мониторинг/бақылау рұқсатсыз басып кіруді анықтау жүйесінің (РБКАЖ) контекстінде арнайы қаралатынын белгілеу қажет [3].

13) Ақпараттық ресурстарды пайдалану және олармен танысу ережесін дайындау.

Ұйымда ақпараттық жүйелерді және ресурстарды пайдалану тәртібі анықталуы, құжатталуы және барлық болжанған қызметкерлердің мәліметіне жеткізілуге тиіс. (мысалы, қызметкерлер пайдаланудың рұқсат етілген саясаты туралы хабарлауы және ұйымға жұмысқа түсу немесе ақпараттық жүйелерге қолжетімділікті алу кезінде олардың осы саясатты түсінуін және қабылдауын жазбаша растауды талап етуі қажет).

5.2.4 Пайдалану тиімділігі және сапасы

АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментіне құрылымдық тәсілді пайдалану тиімділігі және сапасы оқыс оқиғалар туралы хабарлау, хабарлау сапасын, пайдалану қарапайымдылығын, дереу әрекет ету және оқыту міндетін алатын факторлардың бір қатарына байланысты. Осы факторлардың бірнешеуі АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің маңыздылығы және олардың оқыс оқиғалар туралы хабарлаудың дәлелдігі туралы тұтынушылардың хабарлануын қамтамасыз етумен байланысты. Сол мезетте АҚ-нің оқыс оқиғалары туралы хабарламаға пайдаланылатын дереу әрекетті алсақ уақыт - бұл дара фактор емес, деректерді өңдеу және өңделген ақпаратты тарату үшін қажетті уақытты да есепке алу маңызды (әсіресе апаттық сигналдар жағдайында)

Кешігуді азайту үшін хабарлануды қамтамасыз етудің және тұтынушыларды оқытудың тиісті бағдарламалары АҚ-ның оқыс оқиғалары менеджментін жүзеге асыратын қызметкерлер қамтамасыз ететін «тікелей желі» бойынша қолдаумен толықтырылуға тиіс.

5.2.5 Құпиялық

Құпиялықты қамтамасыз ету мәселесі АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің жетістігі үшін негіз болып табылады. Тұтынушылар олардың хабарлайтын АҚ-нің оқыс оқиғалары туралы ақпарат толық қорғалғанына, ал қажет болғанда оны олардың ұйымымен немесе оның бөлімшесімен олардың келісімінсіз байланыстыру мүмкін болмайтындай иесіздендірілгеніне сенімді болуға тиіс.

АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің жүйесі ерекше жағдайлар кезінде АҚ-нің әлеуетті оқыс оқиғалары туралы хабарлайтын адамның немесе ұйымның құпиялығын қамтамасыз ету маңызды жағдайларды есепке алуға тиіс. Әрбір ұйымда АҚ-нің әлеуетті оқыс оқиғасы туралы хабарлайтын адам және ұйым үшін құпиялықты немесе оның жоқ болуын сақтаудың маңыздылығы нақты түсіндірілген жағдай болуға тиіс. АҚОЖТ-ы оқыс оқиға туралы басында хабарлайтын адам немесе ұйым хабарланбаған қосымша ақпарат қажет етіледі. Одан басқа АҚ-нің оқыс оқиғасы туралы маңызды ақпарат оны алғаш анықтаған адамнан алынуы мүмкін.

5.2.6 Құпиялылық

АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің жүйесінде құпия ақпарат болуы мүмкін және оқыс оқиғалармен айналысатын адамдардан оған қолжетімділік талап етілуі мүмкін.

Сондықтан өңдеу кезінде осы ақпараттың құпиялығы қамтамасыз етілуге немесе қызметкерлер оған қолжетімділікке рұқсат алу кезінде құпиялық (ақпаратты таратпау) туралы келісімге қол қоюға тиіс. Егер АҚ-нің оқиғалары проблемалар менеджментінің

жалпы жүйесі арқылы тіркелетін болса, онда құпиялы деректерді түсіруге, мүмкін, тура келеді.

Одан басқа АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің жүйесі БАҚ-ын, бизнес бойынша серіктестерді, ұйымдастыруды және қоғамдықты реттейтін тұтынушыларды қоса алғанда, ұйымдардан тыс оқыс оқиғалары туралы хабарламаларды беруді бақылауды қамтамасыз етуге тиіс.

5.2.7 Ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғаларына жауап беру тобы қызметінің тәуелсіздігі

АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің тобы нақты ұйымның функционалдық, қаржылық, құқықтық және саяси қажеттіліктерін тиімді қанағаттандыруға қабілетті болуға және АҚ-нің оқыс оқиғаларын басқару кезінде абай болуға тиіс. АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджменті тобының қызметі оның функциясының тиімділігін тексеру мақсатында тәуелсіз аудитке жатады. Бақылаудың тәуелсіздігін іске асырудың тиімді әдісі оқыс оқиғаларға жауап беруді басқару бойынша жоғары басшыға тікелей міндет жүктеуден және жалпы жедел басқарудан АҚ-нің оқыс оқиғасына жауап беру туралы хабарлама тізбегінің бөлімшесі болып табылады. Топты қаржыландыру жұмысы сырттан оған шамадан тыс әсер етуді болдырмау үшін ол да бөлек болуға тиіс.

5.2.8 Типология

АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментіне құрылымдық тәсілді сипаттайтын жалпы типология кейінгі сенімді нәтижелерді қамтамасыз етудің түйінді факторларының бірі болып табылады. Типология* деректер базасының жалпыға бірдей қабылданған метрикалармен және стандарттық құрылымымен қатар нәтижелерді салыстыру, ескерту ақпаратты жақсарту және ақпараттық жүйелер және олардың осалдықтары үшін қауіп туралы нақты түсінік алу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

6 Ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғаларының және олардың себептерінің мысалы

АҚ-нің оқыс оқиғасы алдын ала болжанған немесе кездейсоқ болуы (мысалы, адамның қандай да қателігінің немесе табиғи көріністің салдары болып табылады) және техникалық та, техникалық емес те құралдардан болуы мүмкін. Олардың салдары ақпаратты санкцияланбай ашу немесе өзгерту, оған қолжетімсіз етіп, оны жою, сондай-ақ ұйымның активтеріне зиян келтіру немесе оларды ұрлау тәрізді осындай оқиғалар немесе басқа да оқиғалар. Хабарланбаған, бірақ оқыс оқиға ретінде анықталған ақпарат туралы АҚ-нің оқыс оқиғаларын тексеру мүмкін емес және осындай оқыс оқиғалардың қайта пайда болуын болдырмауға арналған қорғау шараларын қолдануға болмайды.

Тек түсіндіру мақсатында АҚ-нің оқыс оқиғалары және олардың себептерінің бірнеше мысалы төменде келтірілген. Осы мысалдар жоққа шығару болып табылмайтынын айта кету маңызды.

6.1 Қызмет көрсетуден бас тарту

Қызмет көрсетудегі бас тарту бір жалпы сипатқа ие АҚ-нің оқыс ақпараттарының кеңейтілген санаты болып табылады. АҚ-нің ұқсас оқыс оқиғалары жүйелердің, сервистердің немесе желілердің көбінесе авторланған тұтынушылардың қолжетімділігінде толық кері қайтару кезінде бұрынғыша өндірумен функциялауды жалғастыруға қабілетсіз болуға соқтырады.

Қызмет көрсетуден бас тартуға байланысты, техникалық құралдардан болатын АҚ-нің оқыс оқиғаларының екі негізгі типі бар: ресурстарды жою және ресурстарды азайту.

«Қызмет көрсетуден бас тарту» АҚ-нің алдын ала болжанған техникалық оқыс оқиғаларының кейбір типтік мысалдары:

- жауап хабарламаларды тарифпен өткізу желісінің жолақтарын толық толтыру мақсатында желілік кеңінен таратылған мекенжайларды аңдау;
- көзделмеген пішіндегі деректерді жүйеге, сервиске немесе желіге олардың қалыпты жұмысын бүлдіру немесе бұзу ниетінде беру;
- олардың ресурстарын жоққа шығару ниетінде нақты жүйесі, сервисі немесе желісі бар бірнеше сеанстарды бір мезетте ашу (яғни олардың жұмысын бәсеңдету, бұғаттау немесе бұзу) болып табылады.

«Қызмет көрсетуден бас тарту» АҚ-нің бірыңғай техникалық оқыс оқиғалары кездейсоқ, мысалы, оператор жасаған немесе қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етудің бірге болу мүмкіндігінің болмауынан, ал басқалары алдын ала болжанғаннан болған конфигурациядағы қателіктердің нәтижесінде туындауы мүмкін. «Қызмет көрсетуден бас тарту» АҚ-нің бірыңғай техникалық оқыс оқиғалары басқалар – тек басқа зиянды қызметтің жанама өнімі ғана болғанда жүйені, сервисті бұзу және өндірістік желіні төмендету мақсатындағы ниетпен инициялanады. Мысалы, жасырын сканирлеудің және сәйкестендірудің кейбір неғұрлым көп таралған әдістері ескі немесе қате конфигурацияланған жүйелердің немесе сервистердің оларды сканирлеу кезінде толық бұзылуына әкеп соқтыруы мүмкін. «Қызмет көрсетудегі кері қайтару» типінің көптеген алдын ала болжанған техникалық оқыс оқиғалар әдетте қаскүнем рұқсатсыз кіру желісі немесе жүйе туралы ақпарат ала алмағандықтан құпия түрде (яғни рұқсатсыз кіру көзі белгісіз) инициялanады.

Техникалық емес құралдардан болатын және ақпараттың, сервистің және (немесе) ақпаратты өңдеу құрылғыларының жойылуына әкеп соқтыратын «Қызмет көрсетуден бас тарту» АҚ-нің оқыс оқиғаларының мысалы мынадай факторлардан болуы мүмкін:

- ұрлануға, алдын ала болжанған шығынға немесе жабдықтың бұзылуына әкеп соқтыратын физикалық қорғау жүйесінің бұзылуы;
- аппаратураның тұрған орнына оттан немесе судан/селден кездейсоқ шығын болуы;
- қоршаған ортаның төтенше жағдайлары, мысалы, жоғары температура (ауа баптау жүйесінің істен шығуы салдарынан);
- жүйенің дұрыс жұмыс істемеуі немесе шамадан тыс жүктелуі;
- жүйедегі бақыланбайтын өзгерістер;
- бағдарламалық немесе аппараттық қамтамасыз етудің дұрыс жұмыс істемеуі.

6.2 Ақпарат жинау

«Ақпарат жинау» АҚ-нің оқыс оқиғалары рұқсатсыз кірудің әлеуетті мақсаттарын анықтаумен және рұқсат етудің сәйкестендірілмеген мақсаттарында жұмыс істейтін сервистер туралы түсініктерді алумен байланысты іс-әрекеттермен түсіндіріледі. АҚ-нің осыған ұқсас оқыс оқиғалары мыналарды анықтау мақсатында барлау жүргізуді білдіреді:

- оны қоршаған желілік топология туралы ұғымды алу мақсатының болуын және осы мақсат ақпарат алмасу әдетте кіммен байланыстылығы туралы;
- мақсаттардың әлеуетті осалдықтарын немесе рұқсатсыз кірулер үшін пайдаланылуы мүмкін оны тікелей қоршайтын желілік ортасын.

Ақпаратты техникалық құралдармен жинауға бағытталған рұқсатсыз кірулердің типтік мысалдары:

- Интернеттің (DNS аймағын беру) мақсатты домені үшін DNS (домендік атаулар жүйесі) жазбаларын шығару;
- жұмыс істеп тұрған жүйелерді табу мақсатында кездейсоқ желілік мекенжайлар бойынша тест сұрақтарын жіберу;
- хосттың операциялық жүйесін сәйкестендіру (мысалы, файлдардың бақылау

сомасы бойынша) мақсатында жүйені аңдау;

- тиісті сервистерді сәйкестендіру (мысалы, электронды пошта, FTP хаттамасы, желі) және осы сервистерді бағдарламалық қамтамасыз етудің нұсқаларын сәйкестендіру мақсатында жүйеге файлдарды беру хаттамасына арналған қолжетімді желілік порталдарды сканирлеу;

- желілік мекенжай ауқымы бойынша белгілі осалдықтары бар бір немесе бірнеше сервистерді сканирлеу (көлденең сканирлеу) болып табылады.

Кейбір жағдайларда ақпаратты техникалық жинау кеңейтіледі және санкцияланбаған рұқсатқа ауысады, егер, мысалы, қаскүнем осалдықты іздеу кезінде санкцияланбаған рұқсатты алуға ұмтылады. Әдетте, бұл тек осалдықты іздеп ғана қоймай, осал сервисті және (немесе) желін автоматты түрде пайдаланатын автоматтандырылған құралдармен кіруді жүзеге асырады.

Техникалық емес құралдардан болатын ақпаратты жинауға бағытталған оқыс оқиғалар:

- ақпараттың тікелей немесе жанама ашылуына немесе түрленуіне;

- электронды түрде сақталатын жан-жақтылық меншікті ұрлауға;

- есепке алудың бұзылуына, мысалы, есепке алу жазбаларын тіркеу кезінде;

- ақпараттық жүйені дұрыс пайдаланбауға (мысалы, заңның немесе ұйым саясатының бұзылуы) әкеп соқтырады.

Оқыс оқиғалар мысалы, мынадай фактордан болуы мүмкін:

- маңызды деректерден, мысалы, түйінді шифрдан тұратын деректерді сақтау құрылғыларының ұрлануының және ақпаратқа санкцияланбаған рұқсатқа әкеп соқтыратын қауіпсіздіктің физикалық қорғалуының бұзылуы;

- жүйедегі бақыланбайтын өзгерістердің себебінен сәтсіз және (немесе) дұрыс конфигурацияланбаған операциялық жүйелер немесе ұйымның қызметкерлері немесе бөтен қызметкерлер ақпарат алуға рұқсаты болмай-ақ оған қолжетімді болуына әкеп соқтыратын бағдарламалық немесе аппараттық қамтамасыз етудің дұрыс жұмыс істемеуі.

6.3 Санкцияланбаған рұқсат

Санкцияланбаған рұқсат оқыс оқиғалар типі тәрізді бірінші екі типке жатпайтын оқыс оқиғаларды қамтиды. Басты осы тип жүйеге рұқсаттың санкцияланбаған ұмтылысынан немесе жүйені, сервисті немесе желіні дұрыс пайдаланбағаннан тұрады. Санкцияланбаған рұқсаттың кейбір мысалдары техникалық құралдардың көмегімен мыналарды қамтиды:

- паролі бар файлдарды алып тастауға ниет етуді;

- желіге жеңілдетілген рұқсатты алу мақсатында (мысалы, жүйелік әкімшілік деңгейінде) толтырылған буферде рұқсатсыз кіруді;

- заңды желілік байланыстарды қосуды немесе жалған бағытын басып алу үшін хаттаманың осалдығын пайдалануды;

- тұтынушыда немесе әкімшілікте заңды бар ресурстар немесе ақпараттарды салыстыру бойынша ресурстарға немесе ақпараттарға жеңіл жолмен рұқсатты кеңейту ниетін.

Ақпараттың тікелей немесе жанама ашылуына немесе түрленуіне, есепке алудың бұзылуына немесе ақпараттық жүйенің дұрыс пайдаланылмауына әкеп соқтыратын техникалық емес құралдардан болатын санкцияланбаған рұқсаттың оқыс оқиғалары мынадай факторлардан болуы мүмкін:

- кейіннен ақпаратқа санкцияланбаған рұқсатпен физикалық қорғау құрылғыларының бұзылуы;

- жүйедегі бақыланбайтын өзгерістердің себебінен сәтсіз және (немесе) дұрыс конфигурацияланбаған операциялық жүйелер немесе 6.2 бөлімінің соңғы абзацында

сипатталған нәтижелерге әкеп соқтыратын бағдарламалық немесе аппараттық қамтамасыз етудің дұрыс жұмыс істемеуі.

7 «Жоспарлау және дайындық» кезеңі

АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің «Жоспарлау және дайындық» кезеңі мыналарды қамтиды:

- АҚ-нің оқиғалары және оқыс оқиғалары туралы және осы саясатқа сәйкесті жүйелер туралы хабарламаларды өңдеудің саясатын құжаттау (туысқандық рәсімдеулерді қоса алғанда);
- ұйымда АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің сәйкесті құрылымын құру және сәйкесті қызметкерлерді таңдау;
- оқыс оқиғалардың менеджменті туралы хабарлауды қамтамасыз ету мақсатында оқыту бағдарламаларын жасау және нұсқау өткізу.

Осы кезең аяқталған соң ұйым АҚ-нің оқыс оқиғаларын тиісті өңдеуге толық дайын болуға тиіс.

7.1 Ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғалары менеджменті туралы жалпы түсінік

Қажетті жоспарлаудан кейін АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментін пайдалануға енгізудің нәтижелігі және тиімділігі үшін дайындық іс-әрекеттерінің бір қатарын орындау керек. Бұл дайындық іс-әрекеттері мыналарды қамтиды:

- АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің саясатын формалауды және әзірлеуді, сондай-ақ осы саясатты жоғары басшылармен бекітуді (7.2-бөлімді қараңыз);
- АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің егжей-тегжейлі жүйесін әзірлеуді және құжаттауды (7.3-бөлімді қараңыз). АҚ-нің оқыс оқиғаларының менеджменті жүйесінің құжаттамасы мына элементтерден тұруға тиіс:
- АҚ-нің оқыс оқиғаларының біліктіліктеріне арналған шкаладан 4.2.1 бөлімінде көрсетілгендей маңыздылық шкаласы, мысалы, мынадай: «маңызды» және «маңызды емес» деген екі жағдайдан тұруы мүмкін. Кез келген жағдайда шкаланың жағдайы ұйым операциясының нақты немесе болжанған шығынына негізделген.
- АҚ-нің оқиғалары** және оқыс оқиғалары*** туралы баяндаманың* нысандары (нысандар мысалдары А қосымшасында келтірілген), ұйым қызметінің үзілмеуін қамтамасыз ету жоспарларымен, жүйені, сервисті және (немесе) желілік резервтеуді және деректреді қолдану қалыпты процедураларына сілтемесімен байланысты сайкес құжатталған процедуралар мен әрекеттер.
- қызметтің әртүрлі түрлерін жүзеге асыру үшін тағайындалған жауапты адамдар**** арасында құжатталған міндеттемелері мен бөлінген функциялары бар ТЖЖБ арналған операциялық рәсімдер, мысалы мынадай:
- АТ және (немесе) ұйымның тиісті басшыларының келісімі бойынша және алдын ала келісімге сәйкес белгілі бір жағдайлар кезінде рұқсатсыз кірген жүйені, сервисті және (немесе) желіні ажырату;
- рұқсатсыз кірген жүйені, сервисті және (немесе) желіні жұмыс істеп тұрған жағдайда және желіге қосылған күйінде қалдыру;
- рұқсатсыз кірген жүйеде, сервисте және (немесе) желі деректеріне кіру, шығу және болу ағымдарының мониторингін енгізу;
- жүйенің, сервистің және (немесе) желінің қауіпсіздігі саясатына сәйкес қызметтің

* Егер мүмкін болса, осы нысандарды электронды түрде ұсынылу (мысалы, қорғалған веб-бетте) және АҚ-нің оқиғалары/оқыс оқиғалары туралы электрондық ақпаратты сақтайтын деректер базасымен байланысты болу керек. Қазіргі уақытта қағаз технологиясы өте көп уақытты қажет еткен және тиімсіз болған болар еді.

үздіксіздігін жоспарлау бойынша қалыпты көшірмелеу процедураларын және іс-әрекеттерін активтендіру;

- сот талқылауы немесе ұйым ішінде тәртіптік талқылау үшін оларды қажет ету жағдайларына электронды түрде куәліктерді қорғаныш сақтауды ұйымдастыру және мониторингті жүргізу;

- АҚ-нің оқыс оқиғасы туралы нақты деректерді өз ұйымының қызметкерлеріне және бөтен адамдарға немесе ұйымдарға беру;

- АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджменті жүйесінің, оның процестерінің және процедураларының жұмыс істеуін тесттеу (7.3.5 бөлімін қараңыз);

- АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментіне сілтеме енгізу үшін жүйелерге, сервистерге және (немесе) желілерге арналған АҚ-ның менеджментінің және талдауының саясатын, АҚ-нің корпоративтік саясатын, АҚ-ның арнайы саясатын жаңарту және АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджменті жүйелерінің шығыс деректерінің контекстіндегі осы саясаттарды тұрақты қайта қарауды қамтамасыз ету (7.4 бөлімін қараңыз);

- қызметкерлер тиісінше бағдарламалық оқыту арқылы АҚОЖТ-ын құру (7.5 бөлімін қараңыз);

- АҚ-нің қауіпсіздігінің оқыс оқиғаларының менеджменті жүйесін қолдаудың техникалық және басқа да құралдары (және АҚОЖТ қызметі) (7.6 бөлімін қараңыз);

- АҚ оқыс оқиғалары менеджменті туралы хабарлауды бағдарламалық қамтамасыз етуді жоспарлау және әзірлеу (7.7 бөлімін қараңыз), ұйымның барлық қызметкерлерін осы бағдарламамен таныстыру (кадр өзгерістері болған жағдайда, одан әрі қайта таныстыру жүргізу).

Кейінгі бөлімшелерде әрбір талап етілетін құжатты қоса алғанда, осы қызметтің әрбір түрін сипаттау келтірілген.

7.2 Ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғалары менеджментінің саясаты

7.2.1 Саясатты тағайындау

АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің саясаты ұйымның ақпараттық жүйесіне және олардың орналасқан орындарына авторланған рұқсаты бар барлық қызметкерлерге арналған.

7.2.2 Ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғалары менеджментінің саясатымен байланысты адамдар

АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің саясаты жоғары басшыдан алған өкілеттілігімен құжатпен расталған ұйымның аға лауазымды тұлғасы бекітеді. Саясат әрбір қызметкер және мердігер үшін қолжетімді болуға және нұсқау арқылы таныстырылуға және АҚ саласында олардың хабарлануын қамтамасыз ету мақсатында оқытылуға тиіс. (7.7 бөлімін қараңыз).

** нысанды хабарламаны қабылдайтын адам толтырады (яғни АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджменті тобының мүшесі емес).

*** бұл нысан оқыс оқиғаға толық рұқсат еткенге дейін және оқыс оқиғаны бағалауды ағымды жазудың АҚ-нің оқиғасы туралы бастапқы ақпаратты толықтыру үшін АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің қызметкерлері пайдаланады. АҚ-нің оқиғалары/оқыс оқиғаларының деректер базасының әрбір сатысында жаңарту енгізіледі. «Толтырылған» деген нысандағы деректер базасындағы жазба немесе АҚ-нің оқиғалары/оқыс оқиғалары туралы мәліметтер бұдан әрі оқыс оқиғаның рұқсаты жөніндегі қызметті пайдаланылады.

**** шағын ұйымдарда сол бір адам бірнеше функцияларды орындауы мүмкін

7.2.3 Ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғалары менеджментінің саясатының мазмұны

АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің саясаты мынадай мәселелерді қамтуға тиіс:

- ұйым үшін АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің мәнін, сондай-ақ менеджментті және оның жүйесін қолдауға қатысты жоғары басшылықтың міндеттерін;

- АҚ-нің оқиғаларын анықтау туралы жалпы ұғымды, олар және тиісті ақпарат туралы, сондай-ақ АҚ-нің оқыс оқиғаларын анықтау үшін осы ақпаратты пайдаланудың жолдары туралы хабарламаны. Бұл жалпы ұғым АҚ-нің АҚ-нің мүмкін оқиғаларының тізбесін, сондай-ақ ол туралы қалай, қайда және кімге хабарлау туралы, сондай-ақ АҚ-нің болған жаңа оқиғаларымен қалай жұмыс істеу қажеттігі туралы ақпаратты қамтуға тиіс;

- іс-әрекеттерді орындау үшін қажетті жауапты адамдардың тізбесін қоса алғанда, АҚ-нің оқыс оқиғаларын бағалау туралы жалпы ұғымды, оқыс оқиғалар және жауапты адамдардың одан әрі іс-әрекеті туралы хабарлауды;

- АҚ-нің оқиғасы расталғаннан кейін іс-әрекеттің қысқаша жазылуы АҚ-нің оқыс оқиғасы болып табылады. Бұл іс-әрекет мыналарды білдіреді:

- тез арада жауап қайтару;

- құқықтық сараптауды;

- тиісті қызметкерлерге немесе тараптық ұйымға ақпарат беруді;

- АҚ-нің оқыс оқиғасы бақылауда екендігін тексеру;

- одан әрі жауап беру;

- «дағдарыс жағдайын» хабарлау;

- АҚ-нің оқыс оқиғасына жауап қайтаруды күшейтудің критерийлерін анықтау;

- оқыс оқиғаға жауапты адамды анықтауды;

- сот талқылауы немесе ұйым ішінде тәртіптік талқылау үшін оларды қажет ету жағдайларына электронды түрде куәліктерді қорғаныш сақтауды қамтамасыз ету мақсатында кейінгі және үздіксіз мониторинг үшін барлық іс-әрекеттерді дұрыс тіркеудің қажеттілігіне жасалатын сілтемені;

- оқыс оқиғадан сабақ алуды және АҚ-нің оқыс оқиғаларынан кейінгі процесті жақсартуды қоса алғанда АҚ-нің оқыс оқиғасының рұқсатынан кейінгі іс-әрекеттер;

- сақтаудың процедураларын қоса алғанда, жүйе туралы құжаттаманы сақтау орнының нақты деректері;

- мынадай мәселелерді қамтитын АҚОЖТ-ның қызметі туралы жалпы ұғымды;

- АҚОЖТ-ның ұйымдастыру құрылымын;

- оқыс оқиғалар туралы жоғары басшылықты қысқаша хабарлауға;

- «дағдарыс жағдайын» хабарлағаннан кейін топ қызметкерлеріне тексеру жүргізуге және басқа да іс-әрекетіне;

- басқа ұйымдармен байланысқа (қажет болғанда) жауапты адамдарды қоса алғанда топтың барлық негізгі қызметкерлерін;

- АҚ-нің менеджменті, АҚОЖТ-ның қызметі аясы және оны жүзеге асыратын шеңбердегі өкілеттілігі туралы ережені; Бұл ереже кем дегенде мақсатты тағайындалуының тұжырымдалуын, АҚОЖТ-ның қызметінің аясын анықтауды және АҚОЖТ-ның құрылтайшысы туралы нақты деректерді және оның мынадай өкілеттіліктерін қамтуға тиіс:

- қызметкерлер тобының негізгі қызметіне қатысты АҚОЖТ-ның мақсатын тұжырымдау. Өз функцияларын орындау үшін қызметкерлер АҚ-нің оқыс оқиғаларын бағалауға, оларға жауап қайтаруға және оларды басқаруға, сондай-ақ жетістік шешімдеріне қатысуға тиіс. АҚОЖТ-ның мақсаты және тағайындалуы үшін нақты және бір мәндегі анықтау талап етіледі;

- АҚОЖТ-ның қызметі саласын анықтауды. Ұйымның АҚОЖТ-ның қызметі саласына әдетте барлық ақпараттық жүйелер, сервистер және ұйымның желілері кіреді.

Кейбір жағдайларда ұйым үшін АҚОЖТ-ның қызметі саласын тарылту қажет етілуі мүмкін. Бұл ретте оның қызметіне жататын не жатпайтын саланы нақты құжаттау қажет;

- АҚОЖТ-ның құрылтайшысының жеке басын - АҚОЖТ-ның қызметін санкциялайтын және АҚОЖТ-на берілген өкілеттіліктің деңгейін белгілейтін аға лауазымды адамды (басқару мүшесі, аға басшы). Бұл туралы хабарлану ұйымның барлық қызметкерлеріне АҚОЖТ-на сенімді қалыптастыру үшін өте маңызды ақпарат болып табылатын АҚОЖТ-ның құрылымын және құрудың сілтемесін түсінуге мүмкіндік береді. АҚОЖТ-ын құру және оның құрылымы туралы егжей-тегжейді жариялау алдында осы іс-әрекеттің заңдылығын тексеру қажет. Кейбір жағдайларда қызметкерлер тобының өкілеттілігін ашу міндеттерді бұзушылық бойынша дауларды оның анықтауына себепші болуы мүмкін;

- АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментін хабарлауды және оқытуды бағдарламалық қамтамасыз ету туралы жалпы ұғым;

- қарауға жататын нормативтік-құқықтық аспектілердің тізбесі (5.2.3 бөлімі).

7.3 Ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғалары менеджментінің бағдарламасы

7.3.1 Бағдарламаның тағайындалуы

АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің бағдарламасы АҚ-нің оқыс оқиғаларын өңдеудің процестерін және процедураларын сипаттайтын егжей-тегжейлі құжаттарды құруға және АҚ-нің оқыс оқиғалары туралы хабарлауға (ақпарат беру) арналған. АҚ-нің менеджментінің бағдарламасы АҚ-нің оқиғасын анықтаған кезде қолданысқа енгізіледі.

Ол:

- АҚ-нің оқиғаларына жауап беру;

- АҚ-нің оқыс оқиғалары болуын анықтау;

-оларға рұқсат еткенге дейін АҚ-нің оқыс оқиғаларының менеджменті;

- оқыс оқиғаларды өңдеу кезінде, сондай-ақ жалпы жүйені және (немесе) қауіпсіздікті қажетті жақсарту кезінде алынған сабақтарды сәйкестендіру;

- сәйкестендірілген жетілдіруді іске асыру кезінде нұсқау ретінде пайдаланылады.

7.3.2 Ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғалары менеджментінің бағдарламасымен байланысты адамдар

АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің бағдарламасы мыналарға:

- АҚ-нің оқиғалары туралы анықтауға және хабарлауға. Бұл адамдар тұрақты негіздегі немесе келісім-шарт бойынша жұмыс істейтін қызметкер болуы мүмкін.

- АҚ-нің оқыс оқиғаларының рұқсат ету кезеңіндегі сабақтарды алып тастауға және АҚ-н жақсартуға және АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің бағдарламасына қатысатын АҚ-нің оқиғаларын және АҚ-нің оқыс оқиғаларын бағалауға және оған жауап қайтаруға жауапты адамдарды қоса алғанда ұйымның барлық қызметкерлеріне арналған. Бұл адамдар АҚОЖТ–ын пайдалануды қамтамасыз ететін топтардың (немесе осыған ұқсас топтың) мүшелері, ұйымның басшысы, қоғаммен байланыс жөніндегі бөлімнің қызметкерлері және заңгерлер болып табылады.

АҚ-нің оқыс оқиғалары және олармен байланысты осалдықтар туралы үшінші тараптың тұтынушыларын, одан басқа АҚ-нің оқыс оқиғалары және осалдықтары туралы ақпарат беретін мемлекеттік және коммерциялық ұйымдарды есепке алу қажет.

7.3.3 Ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғалары менеджментінің бағдарламасының мазмұны

Ақпараттық қауіпсіздік оқыс оқиғалары менеджментінің бағдарламасының мазмұны мыналарды қамтуға тиіс:

а) АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің саясатына шолуды;

б) жалпы АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің бағдарламасы туралы жалпы ұғымды;

в) тиісті сервистік бағдарламалар және шкалалар туралы егжей-тегжейлі процесстерді және процедураларды*, маңызды оқиғалардың/оқыс оқиғалардың қабылданған шкалаларын пайдалана отырып, АҚ-нің оқиғаларына бағалау жүргізуге (оларды бөлшектеу қажет етілсе) және АҚ-нің оқыс оқиғаларының санатына олардың өзінің санатын өзгертуге қабілеттілігін анықтауға байланысты ақпаратты;

1) «Жоспарлау және дайындық» кезеңі үшін:

– АҚ-нің оқиғаларының пайда болуы туралы анықтаумен және хабарлаумен (адам немесе автоматты түрде);

– АҚ-нің оқиғалары туралы ақпаратты жинаумен.

2) «Пайдалану» кезеңі үшін (АҚ-нің оқыс оқиғалары расталған жағдайда):

- барлық ұйымның қызметкерлеріне және бөгде адамдарға немесе ұйымға АҚ-нің оқыс оқиғаларының немесе оқыс оқиғаларға қатысты кез келген маңызды бөліктердің болуы хабарлаумен;

- оқыс оқиғаларға қатысты маңызды шкаласының қабылданған деңгейіне және талдауға сәйкес хабарламаны қалпына келтіру және (немесе) тиісті қызметкерлерге беру процедураларын активтендіруді қамтуы мүмкін жылдам жауап қайтаруды жүзеге асырумен;

- АҚ-нің оқыс оқиғаларының маңызды шкалалары деңгейлері бойынша құқықтық сараптау (қажет болғанда) жүргізумен және осы деңгейлердің өзгеруімен;

- АҚ-нің оқыс оқиғаларын бақылаудың болуын анықтаумен;

- анағұрлым кеш қажет етілуі мүмкін жауап қайтаруларды (мысалы, қандай да бір апаттың салдарларын жою кезінде) қоса алғанда (егер қажет етілсе), қосымша жауап қайтаруларды жасау арқылы;

- АҚ-нің оқыс оқиғаларына бақылау болмаған жағдайда, дағдарысқа қарсы іс-әрекеттерге бастамалық етумен (мысалы, өрт командасын шақыру немесе ұйым қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспарын активтендіру), одан әрі бағалау және (немесе) егер одан әрі шешу қажет етілсе, егжей-тегжейлеумен, одан әрі талдау үшін барлық қызметті тіркеудің дұрыстығын тексерумен, АҚ-нің оқиғаларының/оқыс оқиғаларының деректері базасын жаңартумен.

АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің бағдарламасында АҚ-нің оқыс оқиғаларына жедел және неғұрлым ұзақ жауап қайтару мүмкіндігі қарастырылады. АҚ-нің барлық оқыс оқиғалары үшін қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді әлеуетті жағымсыз әсерді қазіргі заманғы бағалауды талап етеді (мысалы, үлкен масштабты апат АҚ-нің алғашқы оқыс оқиғасынан кейін бірнеше уақыттан соң болуы мүмкін).

Сонымен қатар, жауап қайтарудың бірнеше түрі арнайы қорғау шараларында қажеттілік туындаған кезде, АҚ-нің нағыз болжанбаған оқыс оқиғалар үшін қажет етілуі мүмкін. Осындай жағдайда да бағдарламаның құжаттамасында мыналар үшін қажет болуы мүмкін іс-әрекеттер жөнінде жалпы ұсынымдар.

3) «Талдау» кезеңі үшін:

– егер қажет етілсе, бұдан әрі құқықтық сараптау жүргізумен;

– АҚ-нің оқыс оқиғаларынан алынған тәжірибені сәйкестендірумен және құжаттаумен;

– алынған тәжірибе негізінде АҚ-н жақсартуды анықтаумен және талдаумен;

– АҚ-нің оқыс оқиғаларына жауап қайтару процестерінің және процедураларының тиімділігін талдаумен, АҚ-нің оқыс оқиғаларын және олардың әр қайсысынан кейін қалыпқа келтіруді бағалаумен, сондай-ақ жалпы АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің бағдарламасын жақсартуды анықтаумен (алынған тәжірибе

негізінде);

– АҚ-нің оқыс оқиғалары/оқыс оқиғаларының деректер базасын жаңартумен.

4) «Жетілдіру» кезеңі үшін – алынған тәжірибе негізінде нақтылау:

- АҚ-нің қауіп-қатерлер менеджментінің және талдауының нәтижелері,

- АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің бағдарламасы (мысалы, ұйымның хабарлау және (немесе) құрылымы нысаны, процестері және процедуралары)

– жаңа және (немесе) қорғау шараларын енгізудің жалпы қауіпсіздігі,

– оқиғалардың/оқыс оқиғалардың және тиісті басшылықтың маңыздылығы (мысалы, маңызды, маңызды емес, елеулі, шұғыл, маңызды емес, шұғыл емес) шкалаларының жоғарылау көрсеткіші,

– сәйкестендіру жүргізілуге тиіс және қандай рәсімдерге сәйкес сәйкестендірудің қажеттілігі шешімдерге басшылық етумен. АҚ-нің оқиғасын немесе оқыс оқиғасын бағалайтын қызметкерлер қалыпты жағдайларда және кім үшін процестерді сәйкестендіруге ауысу қажет болғанда АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің бағдарламалары құжаттамаларынан алынған нұсқауға негіздей отырып, білуге тиіс. Одан басқа процестерді сәйкестендіру қажет болған кезде болжанбаған жағдайлар туындауы мүмкін. Мысалы, АҚ-нің маңызды емес оқыс оқиғасы оны дұрыс өңдемеген жағдайда, «елеулі» немесе «дағдарыс жағдайы» санатына ауысуы немесе апта бойы өңделмеген АҚ-нің маңызды емес оқиғасы АҚ-нің «маңызды» болуы мүмкін. Нұсқауда АҚ-нің оқиғалары және оқыс оқиғалары типін, оны өткізуі мүмкін адамдардың және процестердің сәйкестендіру типтерін анықтауға тиіс.

– тиісті нысанда барлық іс-әрекеттерге тиісті тіркеу үшін қажетті процедуралармен және тағайындалған қызметкерлерді тіркеу журналына талдау жүргізумен,

– АҚ-нің оқиғаларын және оқыс оқиғаларын бақылауды, АҚ-нің оқыс оқиғалары туралы есеп беруді жаңартуды және бағдарламаның өзін жаңартуды қамтитын өзгерістерді бақылаудың режімін қолдаудың процедураларымен және механизмдерімен,

– құқықтық сараптау процедураларымен,

– құқықтық және нормативтік аспектілермен байланысты сақтауды қамтамасыз ететін рұқсатсыз басып кірулерді (РБК) анықтау жүйесін пайдалану жөніндегі процедуралармен және нұсқаумен (5.2.3 бөлімін қараңыз). Нұсқау қаскүнемді бақылау бойынша іс-әрекеттердің артықшылығын және кемшіліктерін қарауды қамтуға тиіс,

– бағдарламаны ұйымдастыру құрылымымен,

– жалпы АҚОЖТ-ы мүшелерінің және оның кейбір мүшелерінің құзыретімен және міндеттерімен, байланыс топтары туралы маңызды ақпаратпен жазылуға тиіс.

7.3.4 Процедуралар

АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің бағдарламасымен жұмыс істеу алдында құжатталған және тексерілген процедуралардың болуы қажет. Әрбір процедура бойынша құжаттамада пайдалануды қолдау тобының пайдалануға және осы процедуралардың менеджментіне жауапты АҚОЖТ-ның адамдары көрсетілуге тиіс. Мұндай процедуралар сот тергеуі немесе ұйымның ішінде тәртіптік талқылау жүргізу жағдайында үздіксіз бақылануға тиіс жинау процедураларын және электронды куәліктердің қорғап сақталуын қамтуға тиіс. Одан басқа, пайдалануды қолдау тобының және АҚОЖТ-ның іс-әрекеттерін ғана емес, сонымен қатар егер олар тағы басқа жерде, мысалы, ұйым қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспарына қатыстырылмаған құқықтық сараптауға және «дағдарысқа қарсы» іс-әрекетке қатыстырылған процедураларды қамтитын құжатталған процедуралар болуға тиіс. Осы құжатталған процедуралар АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің құжатталған саясатқа және АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджменті бағдарламаларының басқа құжаттамасына толық сәйкес болуға тиіс.

Барлық процедуралар жалпыға бірдей қолжетімді болмайтынын білу қажет. Мысалы, ұйымның барлық қызметкерлері АҚОЖТ-мен өзара әрекет кезінде АҚОЖТ-ның жұмысы туралы білмегені дұрыс. АҚОЖТ жеңіл қолжетімді нысанда, мысалы, ұйым интернатындағы АҚ-нің оқыс оқиғаларын талдау нәтижелерінен алынған ақпаратты қоса алғанда, «жалпыға бірдей қолжетімдік» нұсқауының болуын қамтамасыз етуге тиіс. Ұйым ішіндегі құпия ақпаратты білетін адам зерттеу процесіне кедергі жасай алмайтындай АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджменті бағдарламаларының кейбір бөліктерін ашпаған дұрыс. Мысалы, ақша қаражатын иеленген банк қызметкері бағдарламаның кейбір бөліктерімен таныс делік, онда ол өз іс-әрекетін тергеуді жасыруы немесе басқадай жолмен АҚ-нің оқыс оқиғасын анықтауға және тексеру жүргізу және кейіннен қалпына келтіруге кедергі жасауы мүмкін.

Жұмыс процедураларының мазмұны көптеген критерийлерге байланысты, әсіресе, АҚ-нің бұрын белгілі әлеуетті оқиғаларының және оқыс оқиғаларының сипатына және ақпараттық жүйелердің әрекет етілген активтерінің типтеріне және олардың ортасына байланысты. Қандай да бір жұмыс процедурасы оқыс оқиғалардың белгілі бір типімен немесе өнім типімен (мысалы, желіаралық экран, деректер базасы, операциялық жүйелер, қосымша), немесе арнайы өніммен байланысты болуы мүмкін. Әрбір жұмыс процедурасында қандай қадам қабылдау және кім қабылдау қажеттігі анық анықталуға тиіс. Ол ішкі және сыртқы көздерден (мысалы, мемлекеттік немесе коммерциялық АҚОЖТ-ы, немесе ұқсас топтары, сондай-ақ өнім берушілер) алынған тәжірибесін көрсетуге тиіс.

АҚ-нің оқиғалары және оқыс оқиғаларының бұрын белгілілі типтерін өңдеу үшін жұмыс процедуралары болуға тиіс. Сонымен қатар, егер анықталған АҚ-нің оқыс оқиғасы немесе оқиғасының типі белгілі болса, соның ізімен жүретін жұмыс процедуралары қажет. Осындай жағдайда мынадай аспектілер көзделеді:

- осындай «ерекше жағдайларды» өңдеу үшін хабарлау процесі;
- жауап қайтаруды кешіктіруді болдырмау мақсатында басшылық тарапы оқыс оқиғаға жауап қайтаруды мақұлдауды алу үшін уақытты анықтайтын нұсқау,
- мақұлдаудың қарапайым процесінсіз шешім қабылдауды алдын ала мақұлданған өкілеттілік.

7.3.5 Бағдарламаны тесттеу

АҚ-нің оқиғалары және оқыс оқиғалары менеджментінің процесінде туындауы мүмкін әлеуетті ақаулар мен проблемаларды анықтау үшін АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің процестері мен процедураларын тұрақты тексеруді және тесттеуді жоспарлауы қажет. АҚ-нің оқыс оқиғаларын және жауап қайтаруын талдау нәтижесінде туындайтын кез келген өзгерістер қатаң түрде тексеруге және тестілеуге жатуы тиіс.

7.4 Ақпараттық қауіпсіздіктің және қауіп-қатерлер менеджментінің саясаты

7.4.1 Тағайындау

АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің мазмұнын АҚ-на және қауіп-қатерлер менеджментінің корпоративтік саясатына және жүйелердің, сервистердің және желілердің АҚ-нің арнайы саясатына енгізу мақсаттары:

- АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің, әсіресе АҚ-ның оқыс оқиғаларын хабарлау және өңдеу жүйесінің маңыздылығын сипаттау;
- АҚ-нің оқыс оқиғаларына тиісті дайындыққа қатысты жоғары басшылықтың міндеттерін және АҚ-нің оқыс оқиғасы менеджментінің жүйесіне қатысты жауап қайтаруды көрсету;
- әр түрлі саясаттардың келісуін қамтамасыз ету;
- оқыс оқиғалардың жағымсыз әсерін азайту үшін АҚ-нің оқыс оқиғасына жоспарлы

және жүйелі жауап қайтаруды қамтамасыз ету болып табылады.

7.4.2 Мазмұны

АҚ-не және қауіп-қатерлер менеджментінің корпоративтік саясаты, сондай-ақ жүйелердің, сервистердің және желілердің АҚ-нің арнайы саясаты АҚ-нің және оқыс оқиғалары менеджментінің жалпы саясатына нақты сәйкестігін және оның жүйесіне сәйкес қамтамасыз ету мақсатында жаңартылуға тиіс. Тиісті бөлімдерге жоғары басшылықтың міндеттерін және сипатталуын енгізу қажет:

- саясатты;
- жүйенің және тиісті инфрақұрылымның процестерін;
- оқыс оқиғаларды анықтау, хабарлау, бағалау және оны басқару бойынша талаптарды;
- авторлауға және (немесе) белгілі бір маңызды іс-әрекетті жүргізуге жауапты қызметкерлерді анықтауды (мысалы, ақпараттық жүйені off-line режиміне ауыстыру немесе жүйені ажырату).

Одан басқа, корпоративтік саясат АҚ-не және қауіп-қатерлер менеджментінің корпоративтік саясатының, сондай-ақ жүйелердің, сервистердің және желілердің АҚ-нің арнайы саясатының тұрақты нәтижелігін қамтамасыз ету үшін кіріс деректері ретінде АҚ-нің оқыс оқиғаларын анықтау, мониторингі және рұқсат ету процестерінің нәтижесінде алынған кез келген ақпаратты пайдалануды қамтамасыз ету үшін талдаудың тиісті механизмін құру туралы талаптарды қамтуға тиіс.

7.5 Ақпараттық қамтамасыз етудің оқыс оқиғасына жауап қайтару тобын тағайындау

7.5.1 Ақпараттық қамтамасыз етудің оқыс оқиғасына жауап қайтару тобын тағайындау

АҚОЖТ-ы құру мақсаты АҚ-ның оқыс оқиғасын бағалау, оған жауап қайтару және олардан сабақ алу, сондай-ақ қажетті үйлестіру, менеджмент, ақпаратты берудің айналым байланысы және процесі үшін ұйымды тиісті қызметкерлермен қамтамасыз ету болып табылады. АҚОЖТ-ның мүшелері физикалық және қаржылық шығынды, сондай-ақ АҚ-нің оқыс оқиғаларымен байланысты ұйымның беделі үшін шығынды азайтуға қатысуы мүмкін.

7.5.2 Ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғаларына жауап қайтару тобының мүшелері және осы топтың құрылымы

АҚОЖТ-ның құрамы және қызметкерлер саны, сондай-ақ АҚОЖТ-ның құрылымы ұйымның масштабына және құрылымына сәйкес болуға тиіс. АҚОЖТ-ы оқшау команданы немесе бөлімді білдіруі мүмкін, осы топтың қызметкерлері басқа да міндеттерді орындауы, сондай-ақ ұйымның әр түрлі бөлімшелерінен қызметкерлерді қатыстыруы мүмкін. АҚОЖТ-ның көп жағдайында 4.2.1 және 7.1 бөлімдеріне сәйкес аға басшы басқаратын жұмыс істеуші топ болуға тиіс. Жоғары басшыға нақты мәселелер бойынша, мысалы, АҚ-нің оқыс оқиғасы типіне байланысты қатыстырылатын зиян келтіретін бағдарламалардың рұқсатсыз кіруін көрсету бойынша мамандар көмек көрсетеді. Ұйым құрамы санына байланысты АҚОЖТ-ның қызметкерлері АҚОЖТ-ның ішінде бірнеше функцияларды орындай да алады. АҚОЖТ-нда ұйымның әр түрлі бөлімшелерінің қызметкерлері де қатыстырылуы мүмкін (мысалы, операциялар, АТ/телекоммуникация, аудит, кадр бөлімі және маркетинг).

Топ мүшелері ұйым ішінде олардың есімдері және олардың алмастыратын адамдардың есімдері, сондай-ақ олармен байланысты нақты деректер қолжетімді болуға тиіс. Мысалы, АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің жүйесі құжаттамасында

процедуралар және есеп берулер нысандары бойынша, бірақ саясаттағы емес кез келген құжаттарды қоса алғанда қажетті бөліктерді нақты көрсетуге тиіс.

АҚОЖТ-ның басшысы:

- оқыс оқиғаға қатысты шара қабылдау туралы шешімді дереу қабылдау өкілеттілігі болуы;

- әдетте, қарапайым операциядан оқшаулануға тиіс жоғары басшыны хабардар ету үшін жеке желі болуы;

- АҚОЖТ-ның барлық мүшелері үшін білім мен шеберліктің қажетті деңгейін, сондай-ақ осы деңгейді қолдауды қамтамасыз етуі;

- топтың неғұрлым құзырлы мүшесіне әрбір оқыс оқиғаны зерттеуді тапсыруға тиіс.

7.5.3 Ұйымның басқа бөлімшелерімен өзара іс-әрекет

АҚОЖТ-ның басшысының және оның тобының мүшесінің өкілеттілік деңгейі АҚ-ның оқыс оқиғасына барабар қажетті іс-әрекетті қабылдауға мүмкіндік беруге тиіс.

Бірақ, қаржыға және беделге қатысты ұйымға жағымсыз әсер етуі мүмкін іс-әрекеттер жоғары басшымен келісуге тиіс. Сондықтан АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджменті саясатын қамтамасыз ету жүйесінде қандай орган, АҚОЖТ-ның басшысы АҚ-нің маңызды оқыс оқиғалары туралы хабарлайтыны нақтылануға тиіс.

Бұқаралық ақпарат құралдарымен хабарлау процедуралары және осы хабарлауға жауапкершілік жоғары басшымен келісілуі, құжатталуы және мыналар:

- бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмысты ұйымдастырушы өкіл;
- АҚОЖТ-мен ұйым бөлімшелерінің өзара әрекет әдісі анықталуға тиіс.

7.5.4 Тараптық тұлғалармен және ұйымдармен қарым-қатынас

АҚОЖТ-ы және тиісті тараптық тұлғалар және ұйымдар арасындағы қарым-қатынасты белгілеу қажет.

Бөгде адамдарға және ұйымдарға мыналар жатады:

- шарт бойынша жұмыс істейтін бөгде көмекші қызметкерлер, мысалы, КТЖЖБ;
- бөгде ұйымдардың АҚОЖТ-ы, сондай-ақ КТЖЖБ;
- құқық қолдану ұйымдары;
- апаттық қызмет (мысалы, өрт сөндіру бригадасы/бөлімшесі);
- тиісті мемлекеттік ұйымдар;
- заң қызметкерлері;
- қоғаммен және (немесе) бұқаралық ақпарат құралдарымен байланыс жөніндегі арнайы адам;
- бизнес бойынша серіктестер;
- тұтынушылар;
- қоғамдық.

7.6 Ақпараттық қауіпсіздіктің жауап қайтаруын техникалық және басқа да қолдау

АҚ-нің оқыс оқиғаларына тез арада және тиімді жауап қайтару барлық қажетті техникалық және басқа да құралдар қолдау тапқанда, дайындалғанда және тесттелгенде жеңіл жүзеге асырылады.

Осындай іс-шаралар мыналарды қамтиды:

- ұйым активтерінің бөліктерін (активтердің жаңартылған тізбесі болуы) және олардың ұйым қызметімен байланысы бойынша ақпаратқа қолжетімдігін;

- ұйым қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз етудің құжатталған стратегиясына және тиісті жоспарға қолжетімдікті;

- ақпарат берудің құжатталған және жарияланған процестерін;

- АҚ-нің оқиғалары/оқыс оқиғаларының электронды деректер базасын және деректер базасын тез арада толтыру және жаңарту үшін техникалық құралдарды, оның ақпаратының талдауын пайдалануды және жауап қайтару процестерін жеңілдетуді (қолдан жасалған жазба кейде қажет етілетінін және ұйым пайдалану жалпыға бірдей қабылданған);

- АҚ-нің оқиғалары/оқыс оқиғаларының деректер базасы үшін ұйым қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету бойынша барабар шараларды.

Деректер базасын тез арада толтыру, жаңарту, ақпарат және деректер базасы мазмұнын талдау және АҚ-нің оқыс оқиғаларына жауап қайтару процестерін жеңілдету үшін пайдаланылатын техникалық құралдар мыналарға әсер етуге тиіс:

- АҚ-нің оқиғалары және оқыс оқиғалары туралы есептерді дереу алуға;

- бұрын жұмыс істеген қызметкерлерге (тиісті бөгде адам) осыған сәйкес келетін құралмен (мысалы, электронды пошта, факс, телефон және т.б. арқылы), яғни деректердің сенімді нақты базасын сұрата отырып (барлық уақытта жеңіл қолжетімді болуы және қағаз және басқа да көшірмелері болуға тиіс) қауіпсіз (қажет болғанда) әдіспен ақпарат беру құралымен таныстыруға;

- бағаланған қауіп-қатерге сәйкес абай болуды, Интернет арқылы немесе жүйеге, сервиске және (немесе) желіге рұқсатсыз кіру уақытында іске асырылатын электронды байланыстың басқа адаммен тыңдалуынан қорғауды сақтауға;

- бағаланған қауіп-қатерге сәйкес абай болуды, Интернет арқылы немесе жүйеге, сервиске және (немесе) желіге рұқсатсыз кіру уақытында жүзеге асырылатын электронды байланыстың басқа адаммен тыңдалуынан қорғауды сақтауға;

- ақпараттық жүйе, сервис және (немесе) желі туралы барлық деректерді және барлық өңделетін деректерді жинау процесіне;

- криптографиялық бақылау жүйенің, сервистің және (немесе) желінің қандай бөлігі өзгергенін анықтауға әсер етуі үшін бағаланған қауіп-қатерге сәйкес келсе және деректер өзгерген болса, криптографиялық бақылаудың тұтастығын пайдалануға;

- жиналған ақпаратты мұрағаттауды және қорғауды жеңілдетуге (мысалы, тіркеу журналындағы жазбалардағы цифрлік қолдарды және CD немесе DVD ROM құрылғыларында оқылуға арналған тасымалдағыштардағы дербес режімді сақтау алдындағы басқа да куәліктерді қолдана отырып);

- АҚ-нің оқыс оқиғасын дамытуды көрсететін баспаларды (мысалы, тіркеу журналын), оқыс оқиғаға рұқсат ету және ақпараттың сақталуын қамтамасыз ететін процесті;

- мыналардың:

резервтеудің тиімді процедураларының, нақты және сенімді резервтік көшірмелердің, резервтік көшірмелерді тестілеудің, зиян тасымалдағыш бағдарламаларды бақылаудың;

жүйелік және қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етумен ақпараттың шығыс тасымалдағышының;

ұйымның үздіксіз қызметін қамтамасыз етудің тиісті жоспарымен келісілген жүйелер және қосымшалар үшін сенімді және жаңартылған түзетулердің («патчея») көмегімен ақпараттық жүйенің, сервистің және (немесе) желі жұмысының штаттық режімін қалыпқа келтіруге.

Рұқсат кірген ақпараттық жүйе, сервис және (немесе) желі дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Сондықтан АҚ-нің оқыс оқиғасына жауап қайтару үшін қажет техникалық құрылғының (бағдарламалық немесе аппараттық қамтамасыз ету) жұмысы ұйымда пайдаланылатын жүйелерге, сервистерге және (немесе) желіге негізделуге тиіс. Мүмкіндігіне қарай оқыс оқиғаларға жауап қайтарудың техникалық құралдары толық автоматтанған болуға тиіс.

Барлық техникалық құралдар мұқият таңдап алынуға, дұрыс енгізілуге және тұрақты тесттелуге (алынған резервтік көшірмелерді тестілеуді қоса алғанда) тиіс.

Осы бөлімде сипатталған техникалық құралдар АҚ-нің оқыс оқиғаларын анықтау және тиісті адамдарды автоматты хабарлау және рұқсатсыз басып кіру үшін тікелей пайдаланылатын техникалық құралдарды қамтымайды. Осы техникалық құралдар [1] және [2] сипатталған.

7.7 Хабарлауды қамтамасыз ету және оқыту

АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджменті – бұл техникалық құралдарды ғана емес, сонымен қатар қызметкерлерді қамтитын процесс, бұл процесті ұйымда жұмыс тиісті жолмен оқытылған және ақпарат қауіпсіздігі мәселелерімен хабарланған адамдар қолдауға тиіс.

Ұйымның барлық қызметкерлерінің хабарлануы және қатысуы АҚ-нің оқыс оқиғаларының менеджментіне құрылымдық тәсілдің жетістігін қамтамасыз ету үшін өте маңызды. Сондықтан, АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің қызметі АҚ-нің мәселелерінде оқытудың және хабарлауды қамтамасыз етудің жалпы бағдарламасының бір бөлігі белсенді қолдауға тиіс. Хабарлауды қамтамасыз ету бағдарламасына тиісті материал бөгде ұйымдарды және жаңа қызметкерлерін, тұтынушыларын және мердігерлерді қоса алғанда, барлық қызметкерлер үшін қолжетімді болуға тиіс. АҚОЖТ мүшелері үшін, ал қажет болғанда АҚ-не жауапты қызметкерлер және арнайы әкімдер үшін пайдалануды қамтамасыз етудің топтарына арналған оқытудың арнайы бағдарламасы болуға тиіс. Оқыс оқиғалар менеджментіне қатысатын әр топ үшін АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің жүйесімен олардың өзара іс-әрекетінің типіне, жиілігіне және маңыздылығына байланысты дайындықтың әр түрлі деңгейлері талап етілуі мүмкін.

Хабарлауға оқыту жөніндегі нұсқау мыналарды қамтуға тиіс:

- АҚ-нің оқыс оқиғалары және оқиғалары менеджменті бойынша жұмыс технологиясын және оның іс-әрекеті саласын қоса ала отырып, АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің жүйесі жұмысының негізін;
- АҚ-нің оқыс оқиғалары және оқиғалары туралы хабарлау әдісін;
- көздердің құпиялығын қамтамасыз ету бойынша қорғау шараларын (қажет болғанда);
- жүйенің сервис деңгейі туралы келісімді;
- нәтижелері туралы хабарлау – көздер қандай жағдайларда хабарланатын болады.
- ақпаратты таратпау туралы келісіммен жасалатын кез келген шектеулер;
- АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментін ұйымдастырудың өкілеттілігі және оның хабарлау желісін;
- АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің жүйесінен кім және қалай есеп алатынын.

Кейбір жағдайларда АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджменті туралы хабарлануды қамтамасыз етудің нақты деректерін басқа оқыту бағдарламасына (мысалы, қызметкерлерді болжау бағдарламасына немесе АҚ-нің мәселелеріндегі хабарлануды қамтамасыз етудің жалпы корпоративтік бағдарламасына) арнайы қосқан жөн. Бұл хабарланудың қамтамасыз етуіне тәсіл қызметкерлердің белгілі бір тобымен байланысты бағалы ақпаратты ұсынуы мүмкін және оқыту бағдарламасының тиімділігін және нәтижелігін жақсартуы мүмкін.

АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің жүйесін пайдалануға енгізгенге дейін барлық жұмыс істеп жүрген қызметкерлер АҚ-нің оқиғалары туралы анықтау және хабарлау процедураларымен танысуға тиіс, ал арнайы іріктелген қызметкерлер кейінгі процестерге қатысты жақсы хабарлануға тиіс. Содан кейін хабарлануды қамтамасыз ету бойынша тұрақты нұсқау және даярлық курстары жүргізіледі. Дайындық пайдалануды қамтамасыз ету тобының және АҚОЖТ-ның мүшелерінің, сондай-ақ АҚ-не жауапты

қызметкерлердің және арнайы әкімдіктердің арнайы жаттығуларымен және тестілеумен қоса жүруге тиіс.

8 «Пайдалану» кезеңі

8.1 Кіріспе

Пайдалану процесінде АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджменті АҚ-нің оқыс оқиғаларынан алынған сабақтардың нәтижесінде сәйкестендірілген кез келген жетілдіру жүргізілетін «Жетілдіру» кезеңі болатын «Пайдалану» және «Талдау» кезеңдерінен тұрады. Бұл кезеңдер және олармен байланысты процестер 4.2 бөлімінде келтірілген. Осы бөлімде «Пайдалану» кезеңі, 9-бөлімде «Талдау» кезеңі, ал 10-бөлімде «Жетілдіру» кезеңі көзделеді. Бұл үш кезең және оған сәйкесті процестер 2-суретте берілген.

8.2 Түйінді процестерге шолу

«Пайдалану» кезеңіндегі түйінді процестер:

а) АҚ-нің оқиғаларын анықтау және ұйым қызметкерінің, қызметкерлер/клиенттің бірі немесе автоматты түрде (мысалы, желіаралық экранның дабыл сигналы) ол туралы хабарлауы;

б) АҚ-нің оқиғалары туралы ақпарат жинау және оқиға АҚ-нің оқыс оқиғасы болып табылады ма немесе дабылдың жалған сигналы ма екендігін анықтау мақсатында ұйымның пайдалануды қамтамасыз ету тобының қызметкерлері* бастапқы бағалау жүргізуі;

в) оқиға АҚ-нің оқыс оқиғасы болып табылатынын растау және рас болған жағдайда дереу жауап қайтаруға бастамалық ету мақсатында АҚОЖТ-на екінші бағалау жүргізу, сондай-ақ құқықтық сараптау қажеттігі және ақпарат беру бойынша іс-әрекеті;

г) оқыс оқиға бақылауда екендігін анықтау мақсатында жүргізілетін АҚОЖТ–ын талдау:

1) оң жағдайда одан әрі қажетті жауап қайтаруға бастамалық жасалады және оқыс оқиғаның салдарын талдау процесінде пайдалану үшін барлық ақпараттың дайындығын қамтамасыз етеді,

2) теріс жауап кезінде тиісті қызметкерлерді қатыстыру арқылы дағдарысқа қарсы іс-әрекетке бастамалық етеді, мысалы, басшының және ұйымның үздіксіз қызметін қамтамасыз ету тобы;

д) талап бойынша барлық кезең ішінде жүргізілетін шешімдерді одан әрі бағалау және (немесе) қабылдау әрекетінің аясын кеңейту;

е) барлық қатысты адамдары, әсіресе АҚОЖТ мүшелері одан әрі талдау үшін барлық іс-әрекетті тиісті тіркеуді қамтамасыз етуі;

ж) сот қудалауы немесе ұйым ішінде тәртіптік талқылау үшін оларды қажет ету жағдайларына осы куәліктерді қорғаныш сақтаудың тұрақты мониторингін және электронды түрде куәліктерді қорғаныш сақтауды және жинауды қамтамасыз ету;

и) АҚ-нің оқыс оқиғаларын бақылауды, АҚ-нің оқиғалар/оқыс оқиғалар деректерінің базасы тұрақты түрде іс-әрекетке сәйкес келуі үшін оқыс оқиғалар бойынша есеп беруді жаңартуды қоса алғанда өзгерістерді бақылаудың режімін қолдаудың процедураларын қолдауы болып табылады.

АҚ-нің оқиғаларына немесе оқыс оқиғаларына қатысты жиналған барлық ақпарат ГРИБ-пен басқарылатын АҚ-нің оқиғаларының/оқыс оқиғаларының деректер базасында сақталуға тиіс. Әрбір процесс сайын хабарланатын ақпарат шешімдерді бағалау және қабылдау үшін, сондай-ақ қабылданатын іс-әрекет үшін неғұрлым төзімді негізді қамтамасыз ететіндей кез келген уақытта неғұрлым толық болуға тиіс.



2-сурет – АҚ-нің оқиғаларын және оқыс оқиғаларын өңдеу операцияларының салдарларының блок-схемасы («Пайдалану» кезеңі)

АҚ-нің оқиғасын анықтағаннан және ол туралы хабарлағаннан кейін кейінгі процестердің мақсаттары мыналар болып табылады:

а) шешімдерді бағалаумен және қабылдаумен қатар қызметкерлердің тиісті лауазымдық сатысы арқылы оқыс оқиғалар менеджментімен байланысты қызметке, сондай-ақ қауіпсіздікті қамтамасыз етумен байланысты да, байланысты емес те қызметкерлерді қатыстыра отырып, іс-әрекетке жауапкершілікті бөлу;

б) жасалған хабарламаны талдауды және түзетуді, шығынды бағалауды және тиісті қызметкерлерді хабардар етуді қоса алғанда, әрбір хабарланған адамның формальды процедураларын (әрбір адамның іс-әрекеті оқыс оқиғаның типіне және қауіптілігіне байланысты) қамтамасыз ету;

в) АҚ-нің оқиғаларын мұқият құжаттау үшін, ал кейіннен, егер оқиға АҚ-нің оқыс оқиғасына жататын болса, онда АҚ-нің оқыс оқиғасына қатысты одан әрі әрекет ету үшін ұсынымдарды пайдалану және АҚ-нің оқиғалары/оқыс оқиғаларының деректер базасын жаңарту.

Мыналар бойынша:

а) АҚ-нің оқиғалары туралы анықтау және хабарлау – 8.3 бөлімінде, шешімдерді бағалау және қабылдау (АҚ-нің оқыс оқиғасы болып саналады ма) – 8.4 бөлімінде, АҚ-нің оқыс оқиғасына жауап қайтару – 8.5 бөлімінде ұсынымдар келтірілген және мыналарды қамтиды:

- тез арада жауап қайтару,
- АҚ-нің оқыс оқиғасы бақылауға алынғанын анықтау мақсатында талдау,
- кейінгі жауап қайтарулар,
- дағдарысқа қарсы іс-әрекеттер,
- құқықтық сараптау,
- ақпарат беру,
- АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджменті саласын кеңейту мәселелері бойынша түсініктер беру,
- іс-әрекетті тіркеу.

8.3 Ақпараттық қауіпсіздік оқиғалары туралы анықтау және хабарлау

АҚ-нің оқиғасы тікелей адамның алаңдатушылық тудыратын және техникалық, физикалық немесе процедуралық сипатқа ие қандай да бір нәрсені байқаған адамдардың анықтауы болуы мүмкін. Анықтау, мысалы, от/түтін детекторымен немесе бұрын анықталған орынға дабыл сигналдарын беру арқылы күзет сигнализациясының көмегімен жүзеге асырыла алады (белгілі бір іс-әрекеттегі адам жүзеге асыруы үшін). АҚ-нің техникалық оқиғасы автоматты түрде анықталуы мүмкін, мысалы, бұл аудит жазбасын талдау құрылғыларынан, желіаралық экрандардан, рұқсатсыз басып кіруді анықтау жүйелерінен, вирусқа қарсы бағдарламалардан, әр жағдайда осы құрылғылардың алдын ала орнатылған параметрлерінен болатын дабыл сигналы болуы мүмкін.

АҚ-нің оқиғасын анықтау себебіне қарамастан қандай да бір қалыпты емес жағдайға тікелей көңіл аударған немесе автоматты құралмен хабарланған адам анықтау және хабарлау процесіне бастама жасауға жауапты.

Бұл адам ұйымның тұрақты немесе шарт бойынша жұмыс істеп жүрген кез келген қызметкерлері бола алады.

Бұл өкіл бәрінен бұрын пайдалануды қамтамасыз ету тобының және менеджменттің көңілін аудару мақсатында АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің жүйесімен анықталған АҚ-нің оқиғасы туралы есеп беру нысанын пайдалануы және процедураларды бақылауға тиіс. Сонымен қатар, барлық қызметкерлер есеп беру нысанын қоса алғанда, АҚ-нің мүмкін оқиғалары туралы хабарлау мәселесіне қатысты ұсынымдармен танысуы, оларға рұқсаты болуы және АҚ-нің оқиғаларының әрбір жағдайы туралы хабарлау қажет

қызметкерлерді білуі маңызды. Барлық қызметкерлер АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің жүйесін түсінуге мүмкіндік беретін есеп беру нысаны туралы хабардар болуы қажет.

АҚ-нің нақты оқиғасын өңдеу оның нені білдіретініне, сондай-ақ осы оқиғадан туындайтын салдарлар мен іс-әрекеттерге байланысты. Оқиғаны өңдеу тәсілі туралы шешім қабылдау көптеген адамдар үшін олардың құзыретінің шегінен шығады. Сондықтан, АҚ-нің оқиғасы туралы хабарланған қызметкер оған сол сәтте қолжетімді мүмкіндігінше көп ақпарат болатындай есеп беру нысанын толтыруға тиіс. Қажет болғанда ол өзінің басшылығымен байланысады. Мүмкіндігінше бұл нысан электронды түрде болғаны дұрыс, себебі оны пайдалануды қамтамасыз етудің тиісті тобына (мүмкіндігінше аптасына жеті күн тәулігіне 24 сағат жұмыс істейтін), ал хабарлама көшірмесін АҚОЖТ-ның басшысына қауіпсіз беруге болады. АҚ-нің оқиғасы туралы хабарламаның есеп беру нысанының үлгісі А қосымшасында берілген.

Есеп беру нысанын толтыру кезінде мазмұнының нақтылығы ғана емес, сонымен қатар уақтылы толтырылуы маңызды екендігін ескеру қажет. Мазмұнын нақтылау себебіне байланысты АҚ-нің оқиғасы туралы есеп беру нысанын ұсынуды кешіктірмеу қажет. Егер хабарлайтын қызметкер деректерде есеп беру нысанындағы қандай да бір сызыққа сенімді болмаса, онда ол сызыққа белгі қойылуы, ақысы кейіннен жіберілуге тиіс. Сондай-ақ кейбір электронды хабарлау механизмдерінің өзі (мысалы, электронды пошта) рұқсатсыз кірудің мақсаты болып табылатынын мойындау керек.

Проблемалар болған жағдайда және санкцияланбаған адамдар есеп беру нысанын оқу және жүйеге рұқсатсыз кіру жағдайларын қоса алғанда, электронды хабарлау механизмдерімен өкілеттілік бойынша белгіленген проблемалардың болғаны туралы пікірді жүзеге асыру кезінде байланыстың балама құралдары пайдаланылуға тиіс. Байланыстың балама құралдары қолма-қол беру, телефон, мәтін хабарламасы бола алады. Осындай балама құралдар АҚ-нің оқиғасы АҚ-нің оқыс оқиғасы санатына ауысатын, әсіресе АҚ-нің осындай оқыс оқиғасы маңызды болып есептелуі мүмкін зерттеудің бастапқы сатысында пайдаланылуға тиіс.

Пайдалануды қамтамасыз ету тобының көп жағдайлары оны одан әрі өңдеу мақсатында АҚ-нің оқиғасы туралы хабарлауға тиіс, АҚ-нің оқиғасы жергілікті басшылықтың көмегімен орында өңделуі мүмкін жағдайлар болуы мүмкіндігін ескеру керек. АҚ-нің оқиғасын жалған дабыл ретінде дереу тануға немесе ұтымды рұқсат етуге болады. Бұл жағдайларда АҚ-нің оқиғасы-оқыс оқиғаларының деректер базасында оны тіркеу мақсатында жергілікті басшыға, пайдалануды қамтамасыз ету тобына, сондай-ақ және АҚОЖТ-нда есеп беру нысанын толтыру және жіберу қажет. Бұл жағдайда АҚ-нің оқиғасының жабылуы туралы хабарлаушы адам АҚ-нің оқыс оқиғалары туралы есеп беру нысанын толтыру үшін қажет етілетін ақпаратты беруі мүмкін. Бұл жағдайда АҚ-нің оқыс оқиғалары туралы есеп беру нысаны толтырылуға және инстанциясы бойынша жіберілуге тиіс.

8.4 Оқиғалар/оқыс оқиғалар бойынша шешімдерді бағалау және қабылдау

8.4.1 Бастапқы баға және алдын ала шешім

АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің жүйесін пайдалануды қамтамасыз ету тобында қабылдаушы адам толтырылған есеп беру нысанын алғанын растауға, оны АҚ-нің оқиғалары/оқыс оқиғалары деректерінің базасына енгізуге, есеп берудің осы нысанына талдау жасауға тиіс. Бұдан әрі лауазымды тұлға АҚ-нің оқиғалары туралы кез келген нақтылауды алуға және оқиға туралы хабарлаған адамның да, кез келген басқа көздің де қолжетімдігі саналатын, қажет етілетін қосымша ақпаратты жинауға ниет етуге тиіс. Содан кейін пайдалануды қамтамасыз ету тобының өкілі осы оқиға АҚ-нің оқыс оқиғасы санатына сәйкес келетінін, сәйкес келмейтінін немесе жалған болып табылатынын

анықтау үшін бағалау жүргізуге тиіс. Егер АҚ-нің оқиғасы жалған деп анықталса, есеп беру нысанын толтыруы және деректер базасындағы жазбалар және одан әрі талдау үшін АҚОЖТ-на беруі, сондай-ақ оқиға туралы хабарлаған адам және оның жергілікті басшысы үшін көшірме жасауға тиіс.

Осы кезеңде жиналған ақпарат және басқа да куәліктер тәртіптік немесе сот талқылауы үшін кейіннен қажет болуы мүмкін. Ақпаратты жинау және бағалау тапсырмасын орындаушы адам немесе адамдар куәліктерді жинау және сақтау бойынша талаптарды білуге тиіс.

Іс-әрекетті орындау күніне (күндеріне) және уақытқа қосымша мынадай толық құжаттау қажет:

- іс-шаралар өткізу (пайдаланылған құралдарды қоса алғанда) және олардың мақсаттары;
- оқиғалардың болуы куәліктерін сақтау орны;
- куәліктерді мұрағаттау әдісі (егер ол мүмкін болса);
- куәліктерді верификациялау әдісі (егер ол мүмкін болса);
- материалдарды сақтау бөліктері және оларға одан әрі қолжетімділік.

Егер АҚ-нің оқиғасы АҚ-нің мүмкін оқыс оқиғасы ретінде анықталса, ал пайдалануды қамтамасыз ету тобының қызметкері құзырлықтың тиісті деңгейіне ие болса, онда одан әрі бағалау жүргізіледі. Нәтижесінде түзету әрекеті қажет етілуі мүмкін, мысалы, қосымша «апаттық» қорғау шараларын сәйкестендіру және оларды іске асыруда тиісті адамнан көмек сұрау. АҚ-нің оқиғасы АҚ-нің оқыс оқиғасы ретінде анықталуы мүмкін (ұйымда қабылданған маңыздылық шкаласы бойынша), бұл жағдайда АҚОЖТ-ның басшысын тікелей хабардар ету қажет. АҚОЖТ-ның басшысын және жоғары басшыны бір мезетте хабардар етумен қатар ұйым қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету басшысын хабарлау ретінде «дағдарыс жағдайын» хабарлау қажет етілуі мүмкін.

Бірақ тиісті іс-әрекеттерді одан әрі бағалау және орындау үшін АҚОЖТ-нда тікелей АҚ-нің оқыс оқиғасын беру жағдайы неғұрлым шындыққа жанасады.

Келесі қадам қандай болса да пайдалануды қамтамасыз ету тобының қызметкері мүмкіндігіне қарай есеп беру нысанын неғұрлым егжей-тегжейлі толтыруға тиіс. АҚ-нің оқыс оқиғасы бойынша есеп беру нысанының үлгісі А қосымшасында келтірілген. Есеп беру сипаттау түріндегі ақпаратты және мыналарды қаншалықты сипаттау мүмкіндігін қамтуға тиіс:

- АҚ-нің оқиғасы нені білдіретінін;
- оның себебі неде, оны кім жасағанын;
- ол неге әсер ететінін және әсер етуі мүмкіндігін;
- ұйымның қызметіне АҚ-нің оқыс оқиғасының шынайы немесе әлеуетті әсерін;
- АҚ-нің оқыс оқиғасының мүмкін маңыздылығын немесе маңызды еместігін көрсетуді (ұйым қабылдаған маңыздылық шкаласы бойынша);
- АҚ-нің оқыс оқиғасы осы уақытқа дейін қалай өңделгенін.

Ақпаратты санкцияланбаған ашу, ақпаратты санкцияланбаған түрлендіру, бар ақпараттан бас тарту, ақпаратқа және (немесе) сервиске қолжетімдіктің болмауы, ақпаратты және (немесе) сервисті жою нәтижесінде оқыс оқиғаның ұйым қызметіне әлеуетті немесе нақты жағымсыз әсерін қарау кезінде бірінші кезекте төменде санамаланған салдардың қайсысы АҚ-нің оқыс оқиғасы болатынын анықтау қажет. АҚ-нің салдардарының мысалдары мыналар болып табылады:

- операциялардың шығынын/үзілуін қаржыландыру;
- коммерциялық және экономикалық мүдделердің шығыны;
- дербес деректерден тұратын ақпараттың шығыны;
- құқықтық және нормативтік міндеттердің бұзылуы;
- менеджмент және басқа да операциялар бойынша жұмыс істемеу;

- ұйымның беделінің болмауы.

АҚ-нің оқыс оқиғасы санатына жататын санаттар үшін оларды АҚ-нің оқыс оқиғалары бойынша есеп беруге енгізу үшін әлеуетті немесе нақты әсерлерді санаттау бойынша тиісті ұсынымдар пайдаланылуға тиіс. Ұсынымдар мысалы В қосымшасында келтірілген.

Егер АҚ-нің оқыс оқиғасы рұқсат етілген болса, онда есеп беру қабылданған қорғау шараларының нақты деректерін және алынған сабақтарды қамтуға тиіс (мысалы, АҚ-нің осыған ұқсас оқыс оқиғаларының қайта туындауының алдын алу үшін қабылдануы тиіс қорғау шаралары).

Мүмкіндігінше неғұрлым егжей-тегжейлі есеп беру нысанын толтырғаннан кейін АҚ-нің оқыс оқиғаларының және оқиғаларының деректер базасына енгізу және кейіннен талдау үшін АҚОЖТ-на ұсынылуға тиіс.

Егер тексеру аптадан артық жүргізілсе, онда аралық есеп беру жасалуға тиіс.

АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің жүйесі құжатындағы нұсқауды негізге ала отырып, АҚ-нің оқыс оқиғасын бағалаған пайдалануды қамтамасыз ету тобының қызметкері:

- оқыс оқиға туралы материалды қашан және кімге жіберу;
- пайдалануды қамтамасыз ету тобы орындайтын барлық іс-әрекеттерді жүзеге асыру кезінде өзгерістерді бақылаудың құжатталған процедураларын орындау қажеттігі туралы хабарлануға тиіс.

Ақпараттық жүйеге рұқсатсыз кіруді және АҚ-нің оқыс оқиғалары туралы есеп беру нысанын санкцияланбаған адамдардың есептеуін қоса алғанда, электронды хабарлау (мысалы, электронды пошта) механизмінің іске қосылмауы бойынша белгіленген проблемалары бар екендігі туралы проблемалар немесе пікірлер болған кезде байланыстың балама құралы пайдаланылуға тиіс. Балама байланыс мыналар болуы мүмкін: телефон, мәтін хабарлама, сондай-ақ курьер. Сондай-ақ балама құралдар АҚ-нің оқиғасы шынайы болғанда АҚ-нің оқыс оқиғасы санатына, әсіресе «маңызды» саналуы мүмкін АҚ-нің осындай оқыс оқиғасына ауыстырылатын зерттеудің бастапқы кездегі сатыларында пайдаланылуға тиіс.

8.4.2 Ақпараттық қауіпсіздік оқыс оқиғасын қайта бағалау және растау

Ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғасын қайта бағалау және растау немесе АҚ-нің оқиғасын АҚ-нің оқыс оқиғасына жатқызуға болатын не болмайтынына қандай да бір басқа шешім АҚОЖТ-ның міндетіне енуге тиіс. АҚОЖТ-ның есеп беруді қабылданатын қызметкері:

а) пайдалануды қамтамасыз ету тобы мүмкіндігінше неғұрлым егжей-тегжейлі толтырған есеп беру нысанын алғанын растауы;

б)осы нысанды АҚ-нің оқиғасының/оқыс оқиғасының деректер базасына енгізуі;

в) пайдалануды қамтамасыз ету тобына нақтылауға көңіл аударуы;

г) есеп беру нысанының мазмұнына талдау жасауы;

д) пайдалануды қамтамасыз ету тобынан, есеп беру нысанын толтырған адамнан немесе қандай да бір басқа да көздерден АҚ-нің оқиғасы (егер бар болса) туралы қосымша қажетті ақпаратты жинауға тиіс.

Егер АҚ-нің оқыс оқиғасының барабарлығына немесе алынған ақпараттың толықтығына қатысты қандай да бір белгісіздік әлі де бар болса, онда АҚОЖТ-ның қызметкері АҚ-нің оқыс оқиғасының шынайылығын немесе жалғандығын анықтау үшін қайта бағалау жүргізуге тиіс. Егер АҚ-нің оқыс оқиғасы «жалған» ретінде анықталса, АҚ-нің оқиғасы туралы есепті толтыру, оны АҚ-нің оқиғалары/оқыс оқиғалары деректерінің базасына қосу және АҚОЖТ-ның басшысына беру қажет. Есеп беру көшірмелері

пайдалануды қамтамасыз ету тобына, оқиға туралы хабарлаған адамға және оның жергілікті басшысына беру қажет.

Егер АҚ-нің оқыс оқиғасы «шынайы» ретінде анықталса, онда АҚОЖТ-ның қызметкері қажет болғанда әріптестерді қатыстыра отырып, одан әр бағалау жүргізуге тиіс. Бағалау мақсаты:

а) АҚ-нің оқыс оқиғасы нені білдіретінін, оның себебі не болғанын, оны кім немесе не жасағанын, неге әсер етті немесе әсер етуі мүмкін, АҚ-нің оқыс оқиғасының ұйым қызметіне әсерін немесе әлеуетті әсерін, оқыс оқиғаның мүмкін маңыздығын/маңызды еместігін көрсетуді (ұйымда қабылданған оқыс оқиғалардың маңыздылығы шкаласы бойынша);

б) кейбір ақпараттық жүйеге, сервиске және (немесе) желіге бұзушының алдын ала ойлаған техникалық рұқсатсыз кірулерін, мысалы:

1) жүйеге, сервиске және (немесе) желіге бұзушының кіру ауқымын және оның білетін бақылау деңгейін;

2) бұзушы қолжетімдік алған ақпарат көшірмеленгені, өзгергені немесе жойылғаны туралы деректерді;

3) қандай бағдарламалық қамтамасыз ету көшірмелерді, өзгерді немесе бұзушы бұзғаны туралы,

4) бұзушының аппараттық бөлімнің, сервистің және (немесе) желінің кез келген ақпараттық жүйесіне және (немесе) физикалық орналасқан жеріне алдын ала ойластырған жеке рұқсатсыз кірулеріне қатысты, мысалы:

- келтірілген физикалық шығындардың (қолжетімдіктің физикалық қорғанышы болмаған жағдайда) тікелей және жанама салдарларының масштабы,

- бұзушының жанама іс-әрекетімен жасалған АҚ-нің оқыс оқиғаларына қатысты тікелей және жанама салдарлар (мысалы, физикалық қолжетімдік өрттің себебінен болды ма, ақпараттық жүйенің осалдығы бағдарламалық қамтамасыз етудің, байланыс желісінің дұрыс жұмыс істеуінен немесе оператордың қателігінен болды ма),

в) АҚ-нің оқыс оқиғасын өңдеудің осы уақытқа дейін пайдаланылатын тәсілін барынша дереу растау болып табылады.

Ақпаратты санкцияланбаған ашу, ақпаратты санкцияланбаған түрлендіру, бар ақпараттан бас тарту, ақпаратқа және (немесе) сервиске қолжетімдіктің болмауы, ақпаратты және (немесе) сервисті жою нәтижесінде оқыс оқиғаның ұйым қызметіне әлеуетті немесе шынайы жағымсыз әсерін талдау кезінде осы оқыс оқиға нәтижесінде қандай салдарлар болғанын растау қажет.

АҚ-нің салдардарының мысалдары мыналар болып табылады:

- операциялардың шығынын/үзілуін қаржыландыру;
- коммерциялық және экономикалық мүдделердің шығыны;
- дербес деректерден тұратын ақпараттың шығыны;
- құқықтық және нормативтік міндеттердің бұзылуы;
- менеджмент және басқа да операциялар бойынша жұмыс істемеу;
- ұйымның беделінің болмауы.

Сол және басқа да санаттарға әлеуетті немесе нақты әсерлерді жатқызу үшін АҚ-нің оқыс оқиғасы санатына жататын АҚ-нің оқыс оқиғалары бойынша есеп беруге енгізілетін тиісті ұсынымдарды пайдалану қажет. Ұсынымдар үлгісі Б қосымшасында берілген.

8.5 Оқыс оқиғаларға жауап қайтару

8.5.1 Тез арада жауап қайтару

8.5.1.1Шолу

Оқыс оқиғаларды растағаннан кейін көп жағдайда АҚОЖТ-ның мүшесі АҚ-нің оқыс оқиғасына қатысты тез арада жауап қайтару бойынша іс-әрекетті, АҚ-нің оқыс оқиғасы

туралы есеп беру нысанындағы нақты деректерді тіркеуді, АҚ-нің оқиғалары/оқыс оқиғаларының деректер базасына енгізуді және АҚ-нің оқыс оқиғасына қажет етілетін іс-әрекеттер туралы ұйым қызметкерлеріне хабарлауды орындайды. Осы іс-әрекеттердің нәтижесі апаттық қорғау шараларын қабылдау (мысалы, АТ-бөлімшесінің тиісті басшысының және (немесе) жоғары басшының алдын ала келісімі бойынша рұқсатсыз кірген жүйені және (немесе) желіні ажырату және (немесе) қосымша тұрақты қорғаныш шараларын анықтау және осы шараларды қабылдау туралы ұйым қызметкерлеріне хабарлау мүмкін. Егер апаттық қорғаныш шаралар қабылданбаған болса, онда ұйымда қабылданған бағалау шкаласы бойынша АҚ-нің оқыс оқиғасының маңыздылығын анықтау қажет және егер АҚ-нің оқыс оқиғасы жеткілікті «маңызды» болса, онда ол туралы тиісті жоғары басшыға тікелей хабарлау қажет. Егер «дағдарыс жағдайын» хабарлау қажет болса, ұйым қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз етуге жауапты басшы ұйым қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспарын белсендіру мүмкіндігі турлы хабарлануы, және АҚОЖТ-ның басшысына және жоғары басшыға хабарлауы қажет.

8.5.1.2 Жауап қайтару бойынша үлгілік іс-әрекеттер

Ақпараттық жүйеге, сервиске және (немесе) желіге алдын ала ойластырылған рұқсатсыз кірулер жағдайында дереу жауап қайтару бойынша іс-әрекеттердің мысалы мынадай:

- сындарлы маңызды қосымшалардың дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- егер бұзушы бақылауда екендігін білмеген жағдайда, ол туралы неғұрлым толық ақпарат жинау мақсаттарда Интернетке және бақа да желіге қосулы күйде қалуы мүмкін.

Бірақ жауап қайтару бойынша шешім қабылдау кезінде мынадай факторларды есепке алу қажет:

- бұзушы бақылауға алынғанын сезуі және рұқсатсыз кірген жүйеге, сервиске және (немесе) желіге және дерекке одан әрі шығын келтіретін әрекеттерді қабылдауы мүмкін;
- бұзушы өзін байқататын ақпаратты бұзуы мүмкін.

Тиісті шешім қабылдау кезінде рұқсатсыз кірген жүйені, сервисті және (немесе) желіні дереу және сенімді ажыратуға техникалық мүмкіндік болуы маңызды. Бірақ осыған құқығы жоқ осындай ажыратуларды болдырмау үшін қызметкерлер түпнұсқаландырудың иісті құралдарын қолдануы қажет.

Оқыс оқиғаның қайта туындауын болдырмау әдетте неғұрлым басымды міндет болып табылады. Кейбір жағдайларда бұзушы жоюлуы керек әлсіз орынды анықтағанын, ал бұзушының анықтағыны оның жұмсаған күшін ақтамайтынын есепке алу қажет. Бұл, егер бұзушы негізінен қасқүнем болып саналмаса және шығын келтірмеген болса, әділетті болады.

Алдын ала ойластырылған рұқсатсыз кірулерден басқа АҚ-нің басқа да оқыс оқиғаларына қатысты айтатын болсақ, онда олардың көздері сәйкестендірілуге тиіс. Қорғау шараларын енгізу уақытында АТ-ның тиісті басшысының және (немесе) жоғары басшының алдына ала келісімін алғаннан кейін олардың тиісті бөліктерін оқшаулау немесе ақпараттық жүйені, сервисті және (немесе) желіні ажырату талап етілуі мүмкін. Ол үшін егер осалдық орын ақпараттық жүйе, сервис үшін және (немесе) желі үшін маңызды немесе сындарлы маңызды болса, көп уақыт қажет етілуі мүмкін.

Жауап қайтару бойынша басқа да іс-әрекет бақылау әдісімен белсендірілуі мүмкін [4]. Бұл әрекет АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің жүйесі үшін құжатталған процедуралар негізінде жүзеге асырылуға тиіс.

АҚ-нің оқыс оқиғасы нәтижесінде зақымдануы мүмкін ақпарат ақпараттың өзгеруіне, өшірілуіне немесе түрленуіне резервтік жазбалар бойынша АҚОЖТ-ның мүшесі тексеруге тиіс. Қасқүнем бұзушы рұқсатсыз кіру ізін жасыру мақсатында қолдан жасауы мүмкін тіркеу журналдарының тұтастығын тексеру қажеттігі туындауы мүмкін.

8.5.1.3 Оқыс оқиғалар туралы ақпаратты жаңарту

Кейінгі іс-әрекеттеріне қарамастан АҚОЖТ-ның қызметкері барынша көп егжей-тегжейлеу арқылы АҚ-нің оқыс оқиғасы туралы есеп беруді жаңартуы, оны АҚОЖТ-ның басшысына және басқа да адамдарға (қажет болғанда) осы туралы хабарлай отырып, АҚ-нің оқиғалары/оқыс оқиғаларының деректер базасына қосуға тиіс.

Мынадай:

- АҚ-нің оқиғасы нені білдіретіні;
- оның себебі неде, оны кім жасағаны;
- ол неге әсер етеді және әсер етуі мүмкіндігі;
- ұйымның қызметіне АҚ-нің оқыс оқиғасының шынайы немесе әлеуетті әсері;
- АҚ-нің оқыс оқиғасының мүмкін маңыздылығын немесе маңызды еместігін көрсетудегі өзгерістері (ұйым қабылдаған маңыздылық шкаласы бойынша);
- АҚ-нің оқыс оқиғасы осы уақытқа дейін қалай өңделгені туралы ақпаратты жаңартады.

Егер АҚ-нің оқыс оқиғасы рұқсат етілген болса, онда есеп беру қабылданған қорғау шараларының нақты деректерін және алынған сабақтарды қамтуға тиіс (мысалы, АҚ-нің осыған ұқсас оқыс оқиғаларының қайта туындауының алдын алу үшін қабылдануға тиіс қорғау шаралары).

Жаңартылған есеп беруді АҚ-нің оқыс оқиғалары және оқиғалары деректерінің базасына енгізу және олардың талабы бойынша АҚОЖТ-ның басшысына және басқа да адамдарға хабарлау қажет.

АҚОЖТ-ы одан әрі сараптау жүргізу және айғақ ретінде сотта пайдалану мүмкіндігіне қатысты ақпаратты қауіпсіз сақтауды қамтамасыз етуге жауапты. Мысалы, АТ-на бағытталған АҚ-нің оқыс оқиғасы үшін АҚ-нің оқыс оқиғасын бастапқы анықтағаннан кейін барлық тұрақсыз деректер сот талқылауы жүргізілгенге дейін АТ-ның өрт жүйесі, сервис және (немесе) желі ажыратылғанға дейін жиналуға тиіс. Ақпарат жинауға арналғаны кез келген жұмыс істеп тұрған процесс туралы мәліметті қамтиды және жадыда, кэште және тіркеуде сақталады. Бұл ретте:

- АҚ-нің оқыс оқиғасының сипатына байланысты сот талқылауы жағдайына өрт жүйесін, сервисті және (немесе) желіні толық көшіріп қайталауды немесе журналдарды және маңызды файлдарды резервтік көшірмелеуді жүргізуі;
- көрші жүйелердің, сервистердің және (немесе) желілердің журналдарын жинау және талдау жасау, мысалы, маршрутизаторлар мен желіаралық экранды;
- барлық жиналған ақпаратты тасымалдағышта тек оқуға ғана сақтау;
- сот талқылауы жағдайына көшіріп қайталауды орындау кезінде барлық іс-әрекеттер қолданыстағы нормативтік заңнамаға сәйкес орындалғанын бекіту және растау үшін кемінде екі адамның қатысуын қамтамасыз ету;
- сот талқылауы жағдайына қайталау үшін пайдаланылатын сервистік командаларды сипаттаумен және спецификацияның шығыс тасымалдағыштарымен бірге көшіріп қайталау және сақтау қажет.

АҚОЖТ-ның мүшесі, егер ол мүмкін болса, АҚ-нің оқыс оқиғалары туралы ақпаратты жаңарту кезінде өрт құрылғыларына рұқсатсыз кіруді болдырмау мүдделігіндегі осы құрылғылардың (АТ-на қатысы бар және қатысы жоқ) қауіпсіз жұмыс жағдайына жауапты болып табылады.

8.5.1.4 Қосымша әрекет

АҚОЖТ-ның мүшесі АҚ-нің оқыс оқиғасының шынайылығын анықтау кезінде оның қосымша әрекеттері:

- құқықтық сараптауды жүргізу;

- қандай нысанда және кімге ақпарат беру бойынша дәлелдер және ұсыныстар туралы ақпаратты ұйым ішінде және одан тыс беруге жауапты адамға хабарлауға тиіс.

АҚ-нің оқыс оқиғалары туралы есеп беруді мүмкіндігінше егжей-тегжейлі толтыру мүмкіндігінен кейін есеп беру АҚ-нің оқиғалары/оқыс оқиғаларының деректер базасына енгізіледі және АҚОЖТ-ның басшысына беріледі.

Егер тексеру ұйым ішінде бұрын келісілген уақыттан асып кетсе, онда аралық есеп беру құрылады.

АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің жүйесі құжатындағы нұсқауды негізге ала отырып, АҚ-нің оқыс оқиғасын бағалаған АҚОЖТ-ның мүшесі:

- оқыс оқиға туралы материалды қашан және кімге жіберу;
- АҚОЖТ-ның кез келген қызметін жүзеге асыру кезінде өзгерістерді бақылаудың құжатталған процедураларын басшылыққа алуды білуге тиіс.

Жүйеге рұқсатсыз кіру жағдайы болуы мүмкін жағдайларды қоса алған қарапайым байланыс құралдарына қатысты (мысалы, электронды пошта) проблемалар бар болғанда немесе бар деп саналғанда, АҚ-нің оқыс оқиғасы деп қорытынды жасалса, онда бірінші кезекте АҚ-нің оқыс оқиғасы туралы жауапты адамға жеке, телефонмен немесе мәтін хабарламамен хабарлауы қажет.

Қажет болғанда АҚОЖТ-ның басшысы ұйымның АҚ-нің қауіпсіздігін қамтамасыз ету басшысымен және басқару ұйымының тиісті басшысымен (директорлар кеңесінің мүшесі) бірлесіп ұйымның ішінде де одан тыс ретінде АҚ-нің оқыс оқиғаларына қатыстырылған барлық бөлімдермен байланысуға тиіс (7.5.3 және 7.5.4 бөлімдерін қараңыз).

Байланысты жылдам және тиімді ұйымдастыру үшін АҚ-нің оқыс оқиғасы әсер етуі мүмкін жүйеден, сервистен немесе желіден толық қатысы жоқ ақпаратты берудің сенімді әдісін алдын ала белгілеуі қажет. Мұндай алдын алу шаралар негізгі басшылардың қайсы бірі болмаған жағдайға ұйымның өкілдерін немесе резервтік кеңесшілерді тағайындауды қамтиды.

8.5.2 Оқыс оқиғаның бақылануы

Тиісті құқықтық сараптау арқылы дереу жауап қайтаруды және ақпаратты беру бойынша іс-әрекетті АҚОЖТ-ның мүшесі бастамалық жасағаннан кейін АҚ-нің оқыс оқиғасы бақылауда екендігіне шұғыл көз жеткізу қажет. Қажет болғанда АҚОЖТ-ның мүшесі АҚОЖТ-ның әріптестерімен, басшыларымен және (немесе) ұйымның басқа да қызметкерлерімен кеңес ала алады.

Егер АҚ-нің оқыс оқиғасы бақылауда екендігі расталса, онда АҚОЖТ-ның мүшесі АҚ-нің оқыс оқиғасын жою және зақымданған ақпараттық жүйенің қалыпты жұмысын қалпына келтіру мақсатында ақпаратқа жауап қайтару, құқықтық сараптауды жүргізу және ақпарат беру бойынша басқа да одан әрі қажетті іс-әрекеттерге көшуге тиіс. (8.5.3, 8.5.5 және 8.5.6 бөлімдерін қараңыз).

Егер АҚ-нің оқыс оқиғасы бақылауда екендігі расталмаса, онда АҚОЖТ-ның мүшесі «дағдарысқа қарсы» әрекетке бастамалық етуге тиіс (8.5.4 бөлімін қараңыз).

8.5.3 Кейінгі жауап қайтарулар

АҚ-нің оқыс оқиғасы бақылауда екендігін және «дағдарысқа қарсы жағдай» объектісі болып саналмайтынын анықтап, АҚОЖТ-ның мүшесі осы оқыс оқиғаға қатысты одан әрі жауап қайтарудың қажеттігін және мүмкін тәсілдерін анықтауға тиіс. Жауап қайтару зақымданған ақпараттық жүйені (лерді), сервисті (терді) және (немесе) желіні (лерді) қалыпты жұмыс жағдайына қалпына келтіруді қамтуға тиіс. Содан кейін АҚОЖТ-ның мүшесі АҚ-нің оқыс оқиғасы туралы егжей-тегжейді есеп беру нысанына және АҚ-нің оқиғалары/оқыс оқиғаларының деректер базасына енгізуі, сондай-ақ тиісті іс-

әрекеттерді аяқтауға жауапты адамдарға ол туралы хабарлауға тиіс. Осы іс-әрекеттердің жетістікпен аяқталуының нақты деректерін АҚ-нің оқыс оқиғасы туралы есеп беру нысанына және АҚ-нің оқиғалары/оқыс оқиғаларының деректер базасына енгізу, содан кейін АҚ-нің оқыс оқиғасы жабылуы және тиісті қызметкерлер ол туралы хабардар болу керек.

Кейбір жауап қайтарулар АҚ-нің оқыс оқиғасының осыған ұқсас қайталануын болдырмау үшін жіберілуге тиіс. Мысалы, АҚ-нің оқыс оқиғасына («патчея») бағдарламасына енгізу болмағандықтан АТ-ның бағдарламалық қамтамасыз етуі немесе аппаратура бөлігі жұмыс істемеуі себеп болғаны анықталса, онда бұл жағдайда өнім берушімен дереу байланысу қажет. Егер АҚ-нің оқыс оқиғасының себебі АТ-ның белгілі осалдығы болса, онда ол АҚ-нің қорғанышын тиісті жаңарту жоюға тиіс. Сондай-ақ АҚ-нің оқыс оқиғасы анықтаған және АТ-ның конфигурациясымен байланысты кез келген проблемаларды шешу қажет. АҚ-нің осындай оқыс оқиғасының немесе оған ұқсас оқыс оқиғаның қайталану немесе туындау мүмкіндіктерін азайтудың басқа да шаралары жүйелік парольдарды өзгерту және пайдаланылмайтын сервистерді ажырату болуға тиіс.

АҚ-нің оқыс оқиғасына жауап қайтару бойынша қызметтің басқа да аясы АТ-ның жүйесінің, сервисінің және (немесе) желісінің мониторингін қамтуы мүмкін. АҚ-нің оқыс оқиғасын бағалау арқылы АҚ-нің оқыс оқиғаларының белгілері болуы мүмкін қарапайым емес немесе күдікті оқиғаларын анықтауда қоса әрекет ету үшін мониторингтің қосымша қорғау шараларын енгізу орынды болады. Мұндай мониторинг АҚ-нің оқыс оқиғасын кеңінен ашуға және беделін түсіретін АТ-ның басқа да жүйесін сәйкестендіруге көмектеседі.

АТ-мен байланысты және байланысты емес ретінде АҚ-нің оқыс оқиғаларына қолдану мүмкін бизнес-процесстің үздіксіздігін қамтамасыз етудің қолданыстағы жоспарында құжатталған арнайы жауап қайтаруларды белсендіру қажеттілігі туындауы мүмкін.

Арнайы жауап қайтарулар АТ-мен тікелей ғана емес, сонымен қатар байланыстың сөйлесу желісінің және физикалық құрылғылардың көмегі арқылы кейіннен қалпына келтіру және ұйымның түйінді функцияларын қолдаумен байланысты ұйым қызметінің барлық аспектілері үшін қарастырылуға тиіс.

Жауап қайтарудың тағы бір аясы зақымданған ақпараттық жүйені (лерді), сервисті (терді) және (немесе) желіні (лерді) қалыпты жұмыс жағдайына қалпына келтіру болып табылады. Зақымданған ақпараттық жүйені (лерді), сервисті (терді) және (немесе) желіні (лерді) қауіпсіз жұмыс жағдайына қалпына келтіру белгілі осалдар үшін «патчеяны» айтарлықтай қолданумен немесе беделіне нұсқан келтірілген элементтерді ажырату болуға тиіс. Содан кейін АҚОЖТ-ның мүшесі АҚ-нің оқыс оқиғасы туралы егжей-тегжейді есеп беру нысанына және АҚ-нің оқиғалары/оқыс оқиғаларының деректер базасына енгізуі, сондай-ақ тиісті іс-әрекеттерді аяқтауға жауапты адамдарға ол туралы хабарлауға тиіс. Осы іс-әрекеттердің жетістікпен аяқталуының нақты деректерін АҚ-нің оқыс оқиғасы туралы есеп беру нысанына және АҚ-нің оқиғалары/оқыс оқиғаларының деректер базасына енгізу, содан кейін АҚ-нің оқыс оқиғасы жабылуы және тиісті қызметкерлер ол туралы хабардар болуы керек. Егер АҚ-нің оқыс оқиғасының іс-әрекеті уақытында тіркеу журналдарын жою салдарынан АҚ-нің оқыс оқиғасы туралы ақпараттың барлық көлемі жоғалса, жүйенің, сервистің және (немесе) желінің толық қайта құрылуы талап етілуі мүмкін. Бұлар ұйым қызметі үздіксіздігінің тиісті жоспарының бір бөлігін белсендіруді талап етуі мүмкін.

Егер АТ-мен байланысты емес АҚ-нің оқыс оқиғасы, мысалы, өртпен, су алумен немесе жарылумен арандатылған болса, онда тиісті жоспарында құжатталған ұйым қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз етуді қалпына келтіру бойынша әрекет орындалады.

8.5.4 «Дағдарысқа қарсы» әрекет

Егер АҚ-нің оқыс оқиғасы бақылауда болмаса және «дағдарысқа қарсы әрекет» режімінде өңделуге тиіс болса, онда алдын ала әзірленген жоспар (жоспарлар) пайдаланылуға тиіс.

Ақпараттық жүйенің қолжетімділігіне/бұзылуына және кей деңгейде тұтастығына әсер етуі мүмкін АҚ-нің оқыс оқиғаларының барлық мүмкін типтерін өңдеудің жақсы нұсқалары ұйым қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету стратегиясында анықталуға тиіс.

Бұл нұсқалар ұйым қызметінің басымдықтарымен және бизнес-процестерді қалпына келтірудің қолданыстағы уақытша рамкаларымен және АТ-ның, қызметкерлердің және орналастырудың барынша қолжетімді уақытымен, сөйлесу байланысымен тікелей байланысты болуға тиіс. Жоспарда:

- ұйым қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз етудің ескерту, растау шараларын және сыртқы өзгерістерге төзімділігін;
- ұйым қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспарының (жоспарларының) құрылымын және негізгі ережесін анықтауы қажет.

Ұйым қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспары (жоспарлар) және қанағаттанарлық деп танылған және тесттелген осы жоспарды (жоспарларды) белсендіруді қолдауға арналған қорғаныш шаралары олардың арналған неғұрлым көп «дағдарысқа қарсы» әрекеттерін енгізу үшін негіз болуға тиіс.

Мүмкін «Дағдарысқа қарсы» басқа да типтер мыналарды:

- өрт сөндіру құралдарын және көшіру процедураларын;
- су басуды болдырмау құралдарын және көшіру процедураларын;
- бомба жарылысын болдырмау құралдарын және көшірудің тиісті процедураларын;
- ақпараттық жүйедегі алдамшы фактілерді тексеру жөніндегі мамандардың жұмысы;
- техникалық рұқсатсыз кірулерді тексеру жөніндегі мамандардың жұмысын белсендіруді қамтиды (бірақ шектелмейді).

8.5.5 Құқықтық сараптау

Егер алдыңғы бағалау барысында АҚ-нің маңызды оқыс оқиғасының айғағы мақсатында құқықтық сараптауды, құқықтық сараптаудың қажеттілігі анықталса, АҚОЖТ-ы жүргізеді.

АҚ-нің нақты оқыс оқиғасына неғұрлым егжей-тегжейлі сараптау жүргізу мақсатында АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің бастапқы процесінде пайдаланылмайтын қолданатын құжатталған рәсімдерге және АҚ-ке негізделген құралдарды және тексеру әдістерін қолдану қажет. Мұндай сараптауды құрылымдық әдіспен жүргізеді және ішкі тәртіптік талқылаулар кезінде немесе сот процестерінің барысында айғақ ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Құқықтық сараптау жүргізу үшін қызметтік үй-жай, сондай-ақ тиісті қызметкерлер қорғалған техникалық және бағдарламалық құралдар пайдаланылуы мүмкін (мысалы: аудит құралдары және әдістері, куәліктерді қалына келтіру құралдары). Құқықтық сараптаудың әрбір іс-әрекеті, тиісті фотосуреттерді беруді, аудит нәтижелерін талдау туралы есеп беруді құрды, деректерді қалпына келтіру журналдарын тексеруді қоса алғанда толық құжатталған болуға тиіс. Құқықтық сараптауды жүргізген адамның немесе адамдардың білігі біліктілік талаптарының нәтижелері сияқты құжатталуға тиіс. Құқықтық сараптаудың объективтілігін және логикалық сипатын көрсетуге қабілетті кез келген басқа ақпаратты да құжаттау қажет. АҚ-нің оқыс оқиғалары туралы, осы оқиғаларды құқықтық сараптаумен байланысты қызметтер туралы барлық жазбалар, және басқалар, сондай-ақ ақпаратқа тиісінше тасымалдауыштар нақты қорғалған ортада сақталуы және жазбаларды түрлендіру мақсатында оларға авторланбаған адамдардың

қолжетімдігін болдырмау үшін тиісті рәсімдермен бақылануға тиіс. АТ-ны қолдануға негізделген құқықтық сараптау құралдары сот тәртібімен осы сәйкестікпен келіспеушілік мүмкіндіктерін жою мақсатында құқықтық нормаларға дәл сай болуға тиіс, сонымен қатар оларда технологиялардағы барлық ағымдық өзгерістер ескерілуге тиіс. ГИИБ-ның физикалық ортасында куәліктерді өңдеудің дауланбайтынына кепілдік беретін қажетті шарттарды құруы қажет. АҚ-нің оқыс оқиғаларына жауап қайтаруды қамтамасыз ету үшін кез келген уақытта қызметкерлер саны жеткілікті болуға тиіс.

Уақыт өте келе, алдамшылықты, ұрлықты және вандализмнің рұқсатсыз кіруін қоса алғанда АҚ-нің оқыс оқиғаларының көп салалы контексінде куәліктердің талдауына қойылатын талаптарды әзірлеу қажеттілігі туындайды. Кейіннен АҚОЖТ-ның қоса әрекет етуі үшін АТ-ға негізделген құралдардың көп саны және бір қарағанда өшірілген, шифр қойылған немесе зақымданған болып көрінетін ақпаратты қоса алғанда ақпараттық жүйедегі, сервистегі және (немесе) желідегі жасырын ақпаратты ашу үшін қосалқы процедураларды қажет етеді. Бұл құралдар АҚ-нің оқыс оқиғаларының белгілі типтеріне байланысты барлық аспектілерді есепке алуға тиіс (олар АҚОЖТ-ның процедураларында құжатталуға тиіс).

Қазіргі заманғы жағдайда құқықтық сараптауды тексеру көптеген серверлерді (файлды сервер, баспа сервері, байланыс), сондай-ақ жойылған қолжетімдіктің құралдарын қоса алғанда барлық операциялық ортаға таратылатын желілік құрылымы бар қиын ортаға жиі қосады. Мәтінді іздеу құралдарын, бейнелеуді қалыптастыруды бағдарламалық қамтамасыз етуді және құқықтық сараптауға арналған бағдарламалар пакеттерін қоса алғанда көптеген құрал-саймандық құралдар бар. Құқықтық сараптаудың басты мақсаты қолжетімсіздіктің куәлігін сақтау, оларды соттағы кез келген келіспеушілікке қарсы тұруға тексеру және талдау жасау жұмыстарының барысында шығыс тасымалдарының тұтастығындағы күмәнді болдырмау үшін шығыс деректерінің нақты көшірмесіне құқықтық сараптау жүргізу болып табылады.

Құқықтық сараптаудың жалпы процесі қызметтің мына түрлерін:

- құқықтық сараптау жүргізу процесінде мақсатты жүйелердің, сервистердің және (немесе) желілердің қолжетімсіздігін болдырмаудан, өзгертуден немесе вирустардың кіруін қоса алғанда басқа да беделді төмендетуден қорғауды қамтамасыз етуді және олардың қалыпты жұмысына әсерінен немесе аз әсерінен қорғауды қамтамасыз етуді;
- айғақтарды жинаудың басымдықтарын белгілеуді, яғни олардың көбінен азына қарай өзгеруін қарау (маңызды деңгейде АҚ-нің оқыс оқиғасының сипатына байланысты);
- жойылған болып көрінетін, бірақ файлдар, қорғалған пароль немесе басқадай шифрланған файлдар болып табылатын қалыпты файлдарды, файлдарды қоса алғанда заттық жүйедегі, сервистегі және (немесе) желідегі барлық қажетті файлдарды сәйкестендіруді;
- өшірілген файлдардың және басқа да деректердің мүмкіндігінше көп санын қалпына келтіруді;
- IP-мекен-жайларды, хосттардың атауларын, желілік бағыттарды және Web-сайттар ақпаратын ашуды;
- операциялық жүйені бағдарламалық қамтамасыз етуді де қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етуді де пайдаланатын жасырын, уақытша қосымша жүктеп алу файлдардың және файлдардың ішіндегі мазмұнын алып тастауды;
- қорғалған немесе шифр қойылған файлдарды бағдарламалық қамтамасыз етудің ішіндегі мазмұнға қолжетімділікті (егер ол заңнамамен тыйым салынбаса);
- дискідегі арнайы есте сақтау аясында табылған барлық мүмкін маңызды деректерді (әдетте қолжетімсіз) талдауды;
- файлға қолжетімдік уақытын, оны құруды және өзгертуді талдауды;
- жүйені/сервисті/желіні және қосымшаларды тіркеу журналын талдауды;

- жүйедегі/сервистегі/желідегі тұтынушылардың және (немесе) қосымшалардың қызметін анықтауды;

- электронды пошталарды шығыс ақпараттың және оның мазмұнының болуына талдауды;

- «Троян атынан» тұратын файлдарды және жүйеде басында болмаған файлдарды анықтау мақсатында файлдардың тұтастығын тексеруді жүргізуді;

- мүмкіндігіне қарай мүлікке келтірілген шығынның нақты айғақтарын талдау, мысалы, саусақ іздерін, бейнетаспа нәтижелері, дабыл жүйесін тіркеу журналдарын, куәгерлерді рұқсаттамаларын және сұраулар бойынша қолжетімдігін тіркеу журналдары;

- өндірілген әлеуетті куәліктерді зақымдауды, жарамсыз етуді болдырмау және санкцияланбаған адамдардың құпия материалын қарауды болдырмау үшін оларды өңдеуді және сақтауды. Айғақтарды жинау барлық жағдайда осы айғақтарды ұсыну мүмкін істерді тыңдау немесе сот ісі ережелеріне сәйкес жүргізілуге тиіс;

- бас есеп беруге қосымшаға енгізілген тиісті файлдардың тізіміне енгізе отырып, куәліктерді келтірумен оларды орындау уақытының және қажетті іс-әрекеттерде АҚ-нің оқыс оқиғасының себептері туралы қорытындыларды алуды;

- кез келген тәртіптік немесе құқықтық іс-әрекеттерді (қажет болғанда) сараптамалық қолдауды қамтамасыз етуді қамтуға тиіс.

Жоғарыда көрсетілген іс-әрекеттерді орындау әдісі (тері) АҚОЖТ-ның процедуралары жұмысында құжатталуға тиіс.

АҚОЖТ-ы техникалық білімнің кеңейтілген саласындағы әртүрлі дағдыларын (құралдарды және бұзушы пайдалануы мүмкін әдістерді білуді қоса алғанда), талдау/зерттеу жүргізу әдісін (пайдаланылатын куәліктерді қорғауды есепке алумен), құқықтық және нормативтік ережелерді білуі, АҚ-нің оқыс оқиғаларымен байланысты тенденциялар туралы тұрақты хабардар болуға тиіс.

8.5.6 Ақпарат беру

АҚОЖТ-ы АҚ-нің оқыс оқиғасының шынайылығын растау кезінде көп жағдайларда баспасөзді қоса алғанда ұйымның ішінде де, одан тыс та нақты адамдарды ақпараттандыру қажеттілігі (АҚОЖТ-ы мен басшылықтың арасындағы қарапайым байланыс желілерінен тыс) туындайды. Бұл үшін бірнеше кезең қажет етіледі, мысалы: АҚ-нің оқыс оқиғасының шынайылығын және оның бақылануын растау, АҚ-нің оқыс оқиғасын «дағдарысқа қарсы іс-әрекет» объектісі ретінде анықтау, АҚ-нің оқыс оқиғасын талдауды аяқтау және АҚ-нің оқыс оқиғасы туралы қорытындыны қалыптастыру.

Осындай қызметті қоса әрекет ету үшін АҚ-нің нақты оқыс оқиғасы туындауы және осы ақпаратты баспасөзге және (немесе) бұқаралық ақпарат құралдарына ұсынған жағдайда оны тез арада бейімдеу мақсатында нақты ақпаратты алдын ала дайындаған орынды. Егер баспасөзге АҚ-нің оқыс оқиғасына қатысты толық ақпарат ұсынылса, онда ол ұйымның ақпаратын тарату саясатына сәйкес ұсынылуға тиіс. Қоғам арасында таралуға жататын ақпаратқа тиісті адамдар, мысалы, жоғары басшы, қоғаммен байланыс жөніндегі үйлестіруші және АҚ-нің қызметкерлері талдау жасауға тиіс.

8.5.7 Шешімдерді қабылдау аясын кеңейту

АҚ-нің оқыс оқиғасы туралы шешімге жоғары басшыны, ұйым ішіндегі басқа топты немесе тараптық ұйымның адамын/тобын қатыстыру қажет болғанда жағдайлар туындауы мүмкін. Әңгіме АҚ-нің оқыс оқиғасына жататын ұсынылатын іс-әрекеттерге немесе қажет етілетін іс-әрекеттерді анықтау мақсатында одан әрі бағалауға қатысты шешімдерді қабылдау туралы болуы мүмкін. Шешімдерді қабылдау аясын кеңейту кейінен 8.4 бөліміне сәйкес бағалау процесін қажет етуі немесе, егер проблема оны анықтаудың ерте сатысында белгілі болса, бағалау процесінің барысында болуы мүмкін. Шешімді қабылдау

аясын кеңейту туралы шешімді бір кездері қабылдауы қажет әлде кім үшін, яғни пайдалануды қамтамасыз ету тобы және АҚОЖТ-ның мүшелері үшін АҚ-нің оқыс оқиғаларының менеджменті жүйесінің құжаттамасында тиісті сипатталуы қажет.

8.5.8 Іс-қимылды тіркеу және өзгерістер

АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментіне және хабарлауға (ақпараттандыру) қатыстырылғандар өздерінің барлық іс-қимылдарын одан әрі талдау жағдайларына олардға тиісті жолмен тіркеулері қажет. Осы іс-қимылдары туралы ақпаратты АҚ-нің оқыс оқиғалары туралы есеп беру нысанына АҚ-нің оқыс оқиғаларының есеп берудің бірінші нысанынан талдауды аяқтауға дейінгі АҚ-нің оқыс оқиғасы іс-әрекетінің барлық уақыты ішінде үздіксіз жаңартылатын АҚ-нің оқиғалары/оқыс оқиғаларының деректер базасына енгізіледі.

Бұл ақпарат қорғаныс құралдарын қолдану және резервтеудің тиісті режімін қамтамасыз ету арқылы мүмкіндігінше сақталуға тиіс. Одан басқа АҚ-нің оқыс оқиғасын бақылау, есеп беру нысанын және АҚ-нің оқиғалары/оқыс оқиғаларының деректер базасын жаңарту өзгерістерді енгізуді бақылаудың формальды қабылданған жүйесіне сәйкес енгізілуге тиіс.

9 «Талдау» кезеңі

9.1 Кіріспе

АҚ-нің оқыс оқиғасы туралы шешімдерді қабылдаған соң, АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің жалпы қауіпсіздігін және жүйесін әлеуетті жақсартуды және алынған сабақтарды анықтау мақсатында құқықтық сараптауды және талдауды одан әрі жүргізу қажет.

9.2 Одан әрі құқықтық сараптау

Кейде АҚ-нің оқыс оқиғасын жапқан соң куәліктерді анықтау мақсатында құқықтық сараптауды жүргізудің қажеттілігі бұрынғыша сақталуы мүмкін. Ол 8.5.5-ке сәйкес құралдардың және процедуралардың жиынтығын пайдаланумен АҚОЖТ-ы жүргізуге тиіс.

9.3 Алынған сабақтар

АҚ-нің оқыс оқиғасы аяқталған соң оның өңделуінен алынған сабақтарды тез арада сәйкестендіруі және мынадай:

- АҚ-нің қорғаныш шараларына қойылатын жаңа немесе өзгерген талаптары жағынан қаралуы мүмкін тиісті іс-әрекеттерді қабылдауы мүмкін. Бұл техникалық немесе техникалық емес (физикалықты қоса алғанда) қорғаныш шаралары болуы мүмкін. Талаптардың алынған сабақтарына байланысты қауіпсіздік мәселелерінде хабарланумен қамтамасыз ету (тұтынушылар, сондай-ақ басқа да қызметкерлер үшін) қауіпсіздік бойынша нұсқауларды және (немесе) стандарттарды шығаруды;
- АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің жүйесіндегі және оның процестеріндегі, есеп беру нысандарындағы және АҚ-нің оқиғаларының/оқыс оқиғаларының деректер базасындағы өзгерістерді қамтамасыз ету мақсатында материалдарды дереу жаңартуды және нұсқау жүргізуді қамтиды;

Одан басқа АҚ-нің оқыс оқиғасы бойынша сабақтармен танысу кезінде АҚ-нің жеке оқыс оқиғасы шеңберінде ғана алынған тәжірибелерді қарау емес, сонымен қатар АҚ-нің оқыс оқиғасын жою тәсілдерінің қорғау шараларындағы немесе өзгерістеріндегі қажеттіліктерді анықтау мүддесінде пайдаланылуы мүмкін АҚ-нің оқыс оқиғаларына алғышарттардың туындауы тенденцияларының (заңдылығын) болуын тексеру қажет.

Сондай-ақ АҚ-нің тестілеу жүргізу, әсіресе АҚ-нің оқыс оқиғасының АТ-не бағытталғаннан кейінгі осалдықтарды бағалау орынды.

Сондықтан алдағы уақытта оқыс оқиғалардың туындауы мүмкіндігін төмендету үшін ескерту шараларын қабылдауы мүмкін:

- тенденцияларды/үлгілерді;
- проблемалық салаларды;
- қызметтердің саласын анықтау үшін АҚ-нің оқиғалары/оқыс оқиғаларының деректер базаларын тұрақты талдау қажет.

АҚ-нің оқыс оқиғасын өңдеу процесінде алынатын маңызды ақпарат АҚ-нің оқыс оқиғаларын ертерек сәйкестендіруге айтарлықтай мүмкіндік беруі мүмкін тенденцияларды (заңдылықты) талдауға бағытталуға және АҚ-нің қандай оқыс оқиғалары алдағы тәжірибе және құжаттар негізінде туындау мүмкіндігі туралы ескертуді қамтуға тиіс. Мемлекеттік және коммерциялық КТЖЖБ-нан өнім берушілерден алынған АҚ-нің оқыс оқиғалары және оларға тиісті осалдықтар туралы ақпаратты пайдалану қажет.

Қауіпсіздікті тесттеу және АҚ-нің оқыс оқиғасынан кейінгі ақпараттық жүйенің, сервистің және (немесе) желінің осалдықтарын бағалау АҚ-нің осы оқыс оқиғасымен зақымданған тек ақпараттық жүйесімен, сервисімен және (немесе) желісімен шектелмеуге тиіс. Қауіпсіздікті тесттеуді және осалдықтарды бағалауды олармен байланысты кез келген ақпараттық жүйеге, сервиске және (немесе) желіге тарату қажет. Осалдықтарды егжей-тегжейлі бағалау АҚ-нің оқыс оқиғасы барысында басқа да ақпараттық жүйелерде, сервистерде және (немесе) желілерде осалдықтардың болуын анықтау және жаңа осалдықтардың туындау мүмкіндігін болдырмау үшін пайдаланылады.

Осалдықтарды бағалау тұрақты жүргізілуге тиістігін және АҚ-нің оқыс оқиғасынан кейін жүргізілетін осалдықтарды қайта бағалау бағалаудың үздіксіз процесін алмастыратын емес, оның бір бөлігі болуға тиістігін атап айту маңызды.

АҚ қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі ұйым басшысының әрбір жиналысында және (немесе) АҚ-нің жалпы ұйымдастыру саясаты жөніндегі мәселелерге қатысты басқа да жиналыстарда оны талдау үшін АҚ-нің оқыс оқиғаларының қорытынды талдауын жариялау қажет.

9.4 Қауіпсіздікті жақсартуды анықтау

АҚ-нің оқыс оқиғасының рұқсатынан кейін талдау процесінде жаңа немесе өзгертілген қорғау шаралары қажеттілік ретінде анықталуы мүмкін. Ұсынымдар және қорғау шараларына қойылатын олардың тиісті талаптары оларды дереу енгізу қаржылық немесе пайдалану себептері бойынша мүмкін болмауы мүмкін, бұл жағдайда олар ұйымның неғұрлым ұзақ мерзімді мақсаттарында көзделуге тиіс. Мысалы, қаржылық түсінік бойынша неғұрлым желіаралық экранға ауысуды қысқа уақытта жүзеге асыру мүмкін емес, одан басқа осы мәселені шешу ұйымның АҚ-нің ұзақ мерзімді мақсатын енгізу қажет (10.3 бөлімін қараңыз).

9.5 Жүйені жақсартуды анықтау

Ақпарат рұқсатынан кейін АҚОЖТ-ның басшысы немесе оның орнына тағайындалған адам АҚ-нің оқыс оқиғасына жауап қайтару нәтижелігінің дәрежесін бағалау және анықтау мақсатында барлық оқиғаларға талдау жасауға тиіс. Осыған ұқсас талдау АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджменті жүйесінің жетістікпен қатыстырылған элементтерін анықтауға және кез келген жетілдіруде нақты деректерді анықтауға арналған.

Оқыс оқиғаға жауап қайтарғаннан кейін жүргізілген талдаудың маңызды аспектісі АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің жүйесіне ақпараттың және алынған білімнің кері қайтуы болып табылады. Егер АҚ-нің оқыс оқиғасы айтарлықтай маңызды болса, онда

оқыс оқиға рұқсатынан кейін ол туралы ақпаратты білетін барлық мүдделі тараптар жиналыс жүргізуі қажет. Осы жиналыста мынадай:

- АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджменті жүйесінде қабылданған процедуралар қажетінше жұмыс істеді ме;
- оқыс оқиғаларды анықтауға мүмкіндік беретін процедуралар немесе әдістер бар ма;
- жауап қайтару процесінде пайдаланылатын процедуралар немесе құралдар анықталды ма;
- оқыс оқиғаны сәйкестендіруден кейін ақпараттық жүйені қалпына келтіруге көмектесетін процедуралар қабылданды ма;
- анықтау, хабарлау және жауап қайтару процесстерінде тиімді барлық қатыстырылған тараптардың оқыс оқиғасы туралы ақпарат берілді ме – осындай мәселелер қаралуға тиіс.

Хабарлау нәтижелері құжатталуы және осы нәтижелер бойынша нақты келісілген іс-әрекеттер жүзеге асырылуға тиіс (10.4 бөлімін қараңыз).

10 «Жетілдіру» кезеңі

10.1 Кіріспе

«Жетілдіру» кезеңі «Талдау» кезеңінің ұсынымдарын, яғни АҚ-нің менеджменті нәтижелерін және қауіп-қатерлерін талдауын, АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің қауіпсіздігін және жүйесін жақсарту бойынша ұсынымдарды қамтиды. Осы ұсынымдардың әрқайсысы төменде қаралады.

10.2 Қауіпсіздік және қауіп-қатерлер менеджментін талдауды жетілдіру

АҚ-нің оқыс оқиғасының маңыздылығына және оның әсері деңгейіне байланысты АҚ-нің менеджментінің және АҚ-нің қауіп-қатерлерінің талдау нәтижелерін бағалау кезінде жаңа қауіптерді және осалдықты есепке алуға тура келеді. АҚ-нің қауіп-қатерлерін жаңартылған талдауды және АҚ-нің менеджментін талдауды аяқтау нәтижесінде қолданыстағыларға өзгерістер енгізу немесе жаңа қорғау шараларын қолдану қажеттігі туындайды.

10.3 Қауіпсіздікті жетілдіруді жүзеге асыру

«Талдау» кезеңі процесінде жасалған ұсынымдарды (9.4 бөлімі) және бірнеше оқыс оқиғаларды талдауды басшылыққа ала отырып, АҚ жаңартылған және (немесе) жаңа қорғау шараларын енгізу процестеріне бастамалық жасайды. 9.3-ке сәйкес бұл қауіпсіздік (тұтынушылар және басқа да қызметкерлер үшін) қауіпсіздік бойынша нұсқауларды және (немесе) стандарттарды шығару мәселелерінде хабарланумен қамтамасыз ету мақсатында нұсқау жүргізу үшін материалды тез арада жаңарту қажеттілігін қамту мүмкін (физикалықты қоса алғанда) қорғау шаралары болуы мүмкін.

Ұйымның ақпараттық жүйелері, сервистері және желілері, сонымен қатар жүйелердің/сервистердің/желілердің сенімділігін үздіксіз арттыру процесін қамтамасыз ету және осалдықтарды анықтау мақсатында тұрақты талдауға жатуға тиіс.

Процедуралардың және құжаматтамалардың қауіпсіздігіне байланысты талдау оқыс оқиғадан кейін тез арада жүргізілуі, бірақ кейіннен қажет етілетін неғұрлым мүмкін АҚ-нің оқыс оқиғасынан кейін АҚ-нің оқыс оқиғасы менеджментінің процесінде анықталған кез келген проблемаларды және жиналған ақпаратты есепке ала отырып, АҚ-нің қамтамасыз ету процедураларын және саясатын жаңарту қажет. Ұйымның АҚ-нің басшысымен бірге АҚОЖТ-ы ұзақ мерзімді мақсаты АҚ-нің қамтамасыз ету процедураларының және саясатының осы жаңартылған нұсқаларын ұйымға тарату болып табылады.

10.4 Жүйені жақсартуды жүзеге асыру

Жақсартуға арналған АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджменті жүйесінің саласы (9.5-бөлімді қараңыз) талдау жасалған болуы, ал негізделген өзгерістер жүйе құжаттамасының жаңартылған нұсқасына енгізілуге тиіс. АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджменті жүйесінің есеп беру нысандарындағы, процедураларындағы және процесстеріндегі өзгерістер мұқият тексерілуге және практикада қолдану алдында тесттелуге тиіс.

10.5 Басқа да жетілдірулер

«Талдау» деген кезеңде басқа да жақсартулар орнатылған болуы мүмкін, мысалы, АҚ-нің саясаттарындағы, стандарттарындағы және процедураларындағы өзгерістер, сондай-ақ аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз ету конфигурацияларындағы өзгерістер.

А қосымша
(ақпараттық)

Ақпараттық қауіпсіздік оқиғалары және оқыс оқиғалары туралы есептер нысанының үлгісі

Ақпараттық қауіпсіздік оқиғалары және оқыс оқиғалары туралы есептер

А.1 Толтыру бойынша ұсынымдар

Осы нысанды тағайындау (АҚ-нің оқиғалары және оқыс оқиғалары туралы есептер нысаны) АҚ-нің оқиғасы туралы, содан кейін, егер ол АҚ-нің оқыс оқиғасы ретінде анықталса, онда белгілі бір адамдар үшін АҚ-нің оқыс оқиғасы туралы ақпаратты қамтамасыз ету болып табылады.

Егер АҚ-нің оқиғасы дамып жатса немесе болған болса, әсіресе ұйымның меншіктігін немесе беделін айтарлықтай жоғалтуға немесе шығынға әкеп соқтыруы мүмкіндігіне күдік болса, онда ұйымның АҚ-нің оқыс оқиғалары менеджментінің жүйесінде сипатталған рәсімдерге сәйкес АҚ-нің оқиғалары туралы есептер нысанын тез арада толтыру және тапсыру қажет.

Ұсынылған ақпарат осы оқиға АҚ-нің оқыс оқиғасы ретінде санатталуға тиістігін және (оң жауап болған жағдайда) жоғалту мен шығынды болдырмау немесе шектеу үшін қажет қандай түзету шаралар қабылдаған дұрыстығын анықтайтын бағалаудың тиісті процесіне бастамалық жасау үшін пайдаланылатын болады. Бағалау процесі барлық сипат бойынша қысқа мерзімді болып табылса, онда осы сәтте есеп беру нысанының барлық сызығын толтыру міндетті емес.

Егер қызметкер есеп берудің толтырылған нысанын толық/біртіндеп талдайтын пайдалануды қамтамасыз ету тобының мүшесі болса, онда ол осы оқиғаны АҚ-нің оқыс оқиғасы санатына жатқызуға болатын, болмайтынына шешім қабылдауға тиіс. Бұл ретте қызметкер оң шешіммен АҚ-нің оқыс оқиғасы туралы неғұрлым көп ақпаратты есеп берудің нысанына енгізуі және АҚ-нің оқиғасы және оқыс оқиғасы туралы есеп берулердің нысандарын АҚОЖТ-ға беруге тиіс. АҚ-нің оқиғасы АҚ-нің оқыс оқиғасы санатына жататынына қарамастан, АҚ-нің оқиғалары/оқыс оқиғаларының деректер базасы жаңартылуға тиіс.

Егер қызметкер пайдалануды қамтамасыз ету тобының мүшесі берген АҚ-нің оқиғалары және оқыс оқиғалары туралы есеп берулердің нысандарын талдайтын АҚОЖТ-ның қызметкері болса, зерттеу барысы бойынша жаңартылуы және тиісінше АҚ-нің оқиғалары/оқыс оқиғаларының деректер базасы жаңартылуға тиіс.

Нысандарды толтыру кезінде мынадай ұсынымдар сақтау керек:

- мүмкіндігінше есептер нысаны электронды түрде* толтырылуға және берілуге тиіс. Егер проблемалар болса немесе жүйеге рұқсатсыз кіру және есептер нысандары санкцияланбаған адамдар оқуы мүмкін жағдайларды қоса алғанда (мысалы, электронды пошта) электронды хабарлау механизмінің өкілеттігі бойынша қабылданған проблемалар бар деп есептелінсе, байланыстың балама құралдары пайдаланылуға тиіс. Байланыстың балама құралдары телефон немесе мәтін хабарламасы, сондай-ақ курьерлерді пайдалану болуы мүмкін.*

- қызметкер сенімді болған фактілерге негізделген ақпаратты ұсыну қажет, барлық нысандарды толтыру үшін ойдан шығару қажет емес. Егер қызметкер растай алмайтын

* Егер мүмкін болса, онда есептер нысандары болуға тиіс, мысалы, АҚ оқыс оқиғаларының электронды деректер базасындағы қауіпсіз web-бетте. Қазіргі кезде қағаз технологиясына негізделген жүйе өте баяу жұмыс істейтін және пайдалануда айтарлықтай тиімді емес болып табылады.

басқа да ақпаратты енгізуді дұрыс деп есептесе, ол ақпараттың расталмағанын және оның дұрыстығына сену себебін көрсетуі қажет;

- қызметкермен қалай байланысуға болатыны егжей-тегжейлі көрсетілуі қажет. Ұсынылған есепке қатысты одан әрі ақпарат алу үшін онымен байланыс жасау қажеттілігі дереу немесе бірнеше уақыт өткен соң туындауы мүмкін.

Егер қызметкер кейіннен оның ұсынған қандай да бір ақпараты нақты еместігін анықтаған болса, онда есеп берулерге түзету енгізу және оны қайта ұсыну қажет.

А.2 Ақпараттық қауіпсіздіктің оқиғалары туралы есептер нысаны

Ақпараттық қауіпсіздіктің оқиғалары туралы есеп

Оқиға күні

Оқиға нөмірі*

Оқиғалардың және (немесе оқыс оқиғалардың тиісті сәйкестендіру нөмірі (егер қажет етілсе):

Хабарлайтын адам туралы ақпарат

Тегі	_____	Мекенжай	_____
Ұйым	_____		_____
Телефон	_____	Электрондық пошта	_____

АҚ-нің оқиғасын сипаттау

Оқиғаны сипаттау:

Не болды

Қалай болды

Неден болды

Зақымданған құрауыштар

Ұйымға жағымсыз әсері

Кез келген сәйкестендірілген осалдықтар

АҚ-нің оқиғасының нақты дерегі

Оқиғаның болған күні және уақыты

Оқиғаны анықтаған күні және уақыты

Оқиға туралы хабарлаған күні және уақыты

Оқиға аяқталды ма? (шаршымен белгілеңіз)

Иә □ Жоқ □

Егер «иә», онда оқиғаның ұзақтығын күнмен/сағатпен/минутпен нақтылау

* Оқиғаның нөмірін ұйымның АҚОЖТ-ның басшысы белгілейді.

А.2 Ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғасы туралы есеп *(жалғасы)*

Оқиғаның күні

Оқыс оқиғаның нөмірі*

Оқиғалардың және (немесе) оқыс оқиғалардың тиісті сәйкестендірілген нөмірі (егер қажет етілсе):

Пайдалануды қамтамасыз ету тобының қызметкері туралы ақпарат

Тегі _____ Мекен-жайы _____

Телефон _____ Электрондық пошта _____

АҚОЖТ-ның қызметкерлі туралы ақпарат

Тегі _____ Мекен-жайы _____

Телефон _____ Электрондық пошта _____

АҚ-нің оқыс оқиғасын сипаттау

Оқиғаны қосымша сипаттау:

Не болды

Қалай болды

Неден болды

Зақымданған компоненттер

Ұйымға жағымсыз әсер ету

Кез келген сәйкестендірілген осалдықтар

АҚ-нің оқыс оқиғасы туралы егжей-тегжейлер

Оқыс оқиғаның туындаған күні және уақыты

Оқыс оқиғаны анықтаған күн және уақыт

Оқыс оқиға туралы хабарлаған күн және уақыт

Оқиға аяқталады ма? (шаршымен белгілеңіз) Иә □ Жоқ □

Егер «Иә», онда оқиғаның ұзақтығын күнмен/сағатпен/минутпен нақтылау. Егер «Жоқ», онда оның ұзақтығын нақтылау

* Оқыс оқиғалардың нөмірін ұйымның АҚОЖТ-ның басшысы белгілейді және тиісті оқиғалардың нөміріне жалғасады.

А.2 Ақпарттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғасы туралы есеп *(жалғасы)*

АҚ-нің оқыс оқиғасының типі

(Шаршылардың біріне белгі қою, содан кейін төмендегі тиісті сызықты толтыру

Ұзақ □ Ниет □ Болжалды □

(ішінен біреуін) Ниет □ (қауіптің типі көрсетілсін)

Ұрлау (TH) □ Сипаттық /логикалық рұқсатсыз кіру (HA) □

Алдауыш (FR) □ Ресурстарды дұрыс пайдаланбау (MI) □

Іріткі салу әрекеті/физикалық шығын (SA) □ Басқа шығын (OD) □

Зиянды тасымал бағдарламасы (MC) □

Анықтау:

(ішінен біреуін) кездейсоқ □ (қауіптің типі көрсетілсін)

